First language growth and development may be equally complex. Many learners come to the educational process familiar with a first language variety that may differ from the standard. They may or may not have control over the academic language or have first language literacy skills. Furthermore, communicative competence in each variety of L1 and L2 entails pragmatics, discourse rules, cultural norms and values, and aspects of cultural literacy as well as register and genre.

Over and over again we discover that our language variety and the norms and conventions we use to express particular intentions to others can have a major effect on how they feel about us. Ebsworth and Kodama report that in refusing invitations, Americans and Japanese use contrasting pragmatic strategies to indicate politeness [5]. While Japanese often use a postponement strategy (I’ll let you know-they often don’t), Americans are prepared to say no, provide an excuse, and offer alternate plans. Neither solution is considered ideal in the opposite culture. Thus, we can see that the notion that people of good will know how to be polite and simply need to translate this from one language to another is mistaken. Such misimpressions draw on understandings that are part of “folk linguistics” but are not actually true [6].

Even a common speech event such as story telling can pose problems. There are socio-linguistic norms for how a story is structured, what is explicitly said and what is not said or implied. And the expected role of the listener to the story can also vary

Another distinction in communicative style is associated not with speech but with silence. Even small differences in speech vs. silence resulted in negative feelings between people. In some cultures silence in response to a question can indicate that someone is considering a question or issue seriously. The silence is intended to show respect. Mora found that different ideas about when to be silent were at the root of some communication difficulties and negative feelings between teacher and students in a multilingual classroom setting. In this context, silence is interpreted as having a pragmatic meaning; one person's attempt to show respect can be misinterpreted as an unwillingness to participate [7].

In order to develop a bilingual curriculum and provide appropriate models and feedback to learners, we must ask: What variety or varieties, genres, and registers of L1 and English do our students need to understand orally and in writing? Which do they also need to produce in speech and written texts? What level of grammatical and sociolinguistic accuracy will they need to succeed in achieving their goals? Will basic communication suffice, so long as they are understood? Or will they be required to speak politely to grumpy customers, or write a high level abstract academic essay with correct grammar, punctuation, and appropriate rhetorical structure? In what discourse domains do our students need to function? Do they need to navigate a hospital emergency room and discuss their medical history or write a technical paper for a scientific journal? The answers range from using the language of scientific inquiry to getting along with others on the playground. Questions like these will help us determine the nature of input we need to provide, and the output and feedback we need to build into our in classes and extended activities. While this task may seem daunting, the development of technology has made the job more do-able. We now have access to film, CD's, u-tube, interactive web-based activities, e-pals, Skype, and linguistic corpora. The possibilities are vast.

To address the mosaic of variation in the native language and English as part of our teaching and learning, we need above all to know and understand our students, the knowledge and skills they bring to our classes, and the language varieties they will ultimately need to comprehend and use. This requires a flexible curriculum that can be adjusted each time we meet new students. The theme-based and task-based approaches that are now part of mainstream best practices in second language teaching and learning encourage us to choose areas of discourse that are contextualized, meaningful and useful to learners. And finally, we need to discover the topics, issues and questions that our students are excited to learn about. They need the opportunity to read extensively- books of all kinds, textbooks

and periodicals. They also need to be competent in using Internet based materials, emails and navigating social networks.

It is useful to make comparisons across registers, genres, and varieties to help learners' notice both commonalities and distinctions. Even text messages, for example, represent a genre of language that could be expanded to meet the norms of written letters. A multi-faceted view of language is key. Garcia and her colleagues have also found that educational outcomes are more successful in schools where there is flexibility for learners in crossing linguistic boundaries. She suggests the term "translanguaging" to capture the fluidity of language use that allows learners and teachers to draw on alternative language systems to maximize their abilities to express themselves and allow knowledge to be acquired and shared [8]. Garcia challenges the notion that code switching has no place in the second language or bilingual curriculum. A translanguaging approach can be a very helpful bridge to the development of alternative academic and social language systems and genres as learners are freed to use the totality of their language backgrounds in order to communicate ideas that can reflect the richness and complexity of their thinking.

In sum, Emergent Bilinguals will benefit from the freedom to call on the varieties of language they have at their disposal as they develop and evolve a conceptually and linguistically rich and multifaceted repertoire of dialects, registers, and genres in each of their languages. Our task is to support them in this process and celebrate the language varieties of our students and communities.

LIST OF REFERENCES

- 1 Chomsky N. Aspects of the theory of syntax. - Cambridge, MA: MIT Press, 1965.
- 2 Pinker S. The language instinct. - New York, NY: Harper, 1995.
- 3 Brown S. & Attardo S. Understanding language structure, interaction, and variation. - Ann Arbor, MI: The University of Michigan Press, 2003.
- 4 Connor U. New directions in contrastive rhetoric. - TESOL Quarterly, 2002.
- 5 Ebsworth M.E. & Kodama N. The pragmatics of refusals in English and Japanese: Alternative approaches to negotiation // International Journal of the Sociology of Language. - 2011.- № 3.- p. 95-118.
- 6 Preston D. Whaddayaknow?: The modes of folk linguistic awareness. Language Awareness. The University of Michigan Press, 1996.
- 7 Mora R. Silence, interruptions, and discourse domains: The opportunities to speak. Applied Language Learning, 6. - p. 1995. 27-39.
- 8 Garcia O., & Baetens Beardsmore H. Bilingual education in the 21st century: A global perspective. Oxford, England: Wiley-Blackwell, 2008.

А.В. АЛИЯСОВА
ҚОС ТІЛДІЛІК ТҮРҒЫДАН ҚАРАҒАНДА ТІЛДІҢ ӨЗГЕРУ БАРЫСЫ
ЗЕРДЕЛЕНЕДІ

А.В. АЛИЯСОВА
ИЗМЕНЕНИЕ ЯЗЫКА С ПОЗИЦИИ ДВУЯЗЫЧИЯ

Түйіндеме

Мақалада әлеуметтік лингвистика тарапынан алып қарағанда тілді оқыту мен зерделеуге қатысты көзқарастар мен заманауи пікірлер қарастырылған. Тек тілдік кодқа қосылу мәселесі емес, билингтерге қатысты мультилингвизм түсінігі қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются современные точки зрения и подходы к обучению и изучению языка с позиции социолингвистики. Рассматривается понятие мультилингвизм в отношении билингвов, а не проблема переключения языкового кода.

ӨОЖ 882.151.212.2

Б. ӘБДУӘЛИҰЛЫ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАНЫМЫНДАҒЫ ҮЙЛЕСІМ ҰҒЫМЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ

Адамзат тарихындағы аса маңызды құндылықтардың бірі – қоршаған ортамен үйлесім тауып, онан өз керегінді ала білу. Үйлесімге құштарлық қазақ халқының ұлттық болмысындағы ерекше қасиет. Үйлесім – жаратылысқа тән заңдылық. М. Безлюдова адам мен табиғат арасындағы байланыс туралы: «Күн аттары мен маусым аттары арқылы көрініп отыратын табиғи ырғақ адамзатты әр нәрсені өзіне қажетті уақытында істеуге үйретті» – деген тұжырым жасайды. Үндестікке құрылған өмір-тіршілік те жылдан-жылға табиғи күштерді мақасатына сай игере отырып, адамзаттың өз қолымен жасалады [1, 57 б.]. Адамзат өмір тіршілігі табиғатпен тікелей байланыста болғандықтан онан өз керегін алмай тұрмайды. Алайда әр елдің жалпылап айтсақ, отырықшы жұртпен, көшпелілердің оны игеруі екі түрлі. Отырықшы жұрт табиғатты өзіне бағындыра отырып, қалаған ыңғайына бейімдесе, көшпелілер өзі табиғатқа бейімделе отырып, оны аялады және саялады, онымен үндестікте өмір кешті. Жасанды дүниенің жылтырағынан гөрі, табиғаттың өз сыйын табиғи күйінде алып қажетіне жаратты.

Қазақ халқы табиғатты өзіне бағындырып, ұлы жаратылысты адамның өлшеулі білімінің аясына топтастыруға тырысқан жоқ, керісінше сол ұлылықтың сырларын тану арқылы өзін табиғаттың болмысына қарай

бейімдеп, мәңгілік әрі ұлы мәдениетке қол созды. Ал табиғатта үйлесімсіз нәрсе жоқ, сондықтан дүниенің сырларын ұғуға деген талпыныстың өзі халықты үйлесімде өмір сүруге итермелейді. Жылдың төрт мезгілінде жаз – жайлауға, қыс – қыстауға, күз – күздеуге, қыс – қыстауға көшіп жүруі осы үйлесімнің басты көрінісі. Көшпелілік дәстүрі арқылы әлемді тепе-теңдікте ұстап тұрған тіршіліктің заңдарын терең меңгерді. Қоршаған ортаны да тоздырмай, өзі де үнемі тән дүниесі мен жан дүниесін табиғатпен үйлесімде ұстап отырды. Табиғатпен үйлесім түрлі қырынан көрінеді. Мысалы, табиғат сұлулығына сүйсіну, тұнығынан қуат алу жан дүниесін жаңғыртса, таза ауа, мөлдір бұлақ, түрлі өсімдіктер тән дүниесінің дәрумені. Өмірі табиғат аясында өткен қазаққа бұл табиғи игіліктер өте жақын. Ұлан-ғайыр кеңістікте алысқа көз тігуді әдетіне айналдырған қазақтың уақытпен бірге таным әлемінің көкжиегі де кеңейе түскен. Атадан балаға берілген, табиғатпен үндес осы тұнық сезімдер ертеректе *ай, кун, таң, рауан, сұлу* т.б. секілді компоненттер арқылы кісі есімдерінің құрамынан да көрініс берді. Кейінірек нақтылана түсіп, *Мөлдір, Көркем, Әсем, Толқын, Сағыныш* т.б. есімдердің тууына әсер етті. Мұның бәрі табиғат пен ұлттың жан дүниесі арасындағы үйлесімнің нәтижесі болып табылады.

Халқымыздың жанына жақын үйлесім мен келісімге бейімділік қасиеті дала табиғатымен үндес өмір тіршілігінің негізінде қалыптасып, кейін ұлттық дәстүріне айналды. Келген қонақты құт санап, оның көңілін тауып, риза қылып аттандыру да осы үйлесімге бейімділіктің бір көрсеткіші болып табылады. Дала заңы бойынша ауыл үстінен аттап өту немесе елсізде отырған қараша үйге соқпай кету жаман ырым саналған. Ат басын бұрып, сәлем беріп, мал-жан амандығын біліп, дәм татып өту келе жатқан жолаушының парызы, сондықтан бұл заңды орындамаған адамға айып салынатын кездер де болған. Шорман ауылының үстінен ат басын бұрмай өтіп, жолаушылап бара жатқан Жаяу Мұсаның жазалануында да осындай себеп бар. Бұл қазақтың дәстүрін бұзу болып табылады. Ал ұлттық дәстүр даланың табиғаты мен заңдылықтарының негізінде қалыптасқан. Дала заңы ел ішінде соңғы жылдарға дейін сақталып келгені рас.

Қазақ ұғымында дүние дөңгелек: өмір ағысын «диірменнің тасындай, шыр айналған дүние» ұғымы бойынша түсінеді – тәулік: күндіз-кеш-түн-таң, Жыл: жаз-күз-қыс-көктем – айналып келіп, қайталанып отыратын төрт мезгіл – төрт тоқсан; төрт құбыла – батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік; дөңгеленген аспан т.б. Енді осымен үндес көк аспанның аясындағы кішкентай мекені – үйі жарты ғалам формалас дөңгелек, бұрышы жоқ, төбесіндегі дөңгелек шаңырақ арқылы шексіз кеңістікке көз салады. Қазақ ұғымында дөңгеленген уақытта тоқтау жоқ, оның тұрақсыздығы «жалған» ұғымы бойынша бағаланады. Адам мына төрт күндік жалғанның қонағы. Біреуінің келіп, келесісінің кетуі, яғни өлім мен өмір – Алланың жазуы – оның дауасы жоқ. «Алланың

жазуына дауа жоқ» ұғымы бойынша қазақ ішкі әлемін «сабырға» келтіріп, «барына шүкіршілік қылады». Осыдан келіп, қазақта өмірдің мәнін «өзінде бармен өлшеу» түсінігі қалыптасқан. «Барға риза, жоқа сабыр» ету ұғымы бүгінге дейін менталитетімізден алыс кеткен емес. Алланың жазғанымен келісу – үйлесімге келудің бір көрінісі.

Ұлт мәдениетінің қайнар көзі, тұнығы – үйлесім құбылысы кісі есімдерінің қойылуынан да көрінеді: Орынбасар, Сабыр, Саркыт, Тұяқ, Ізбасар, Төлепберген т.б. есімдер негізінен әкесі өлгеннен кейін туған балаларға қойылады. Осы есімдердің ішкі мазмұнында шүкіршілік ету – жаратылыс заңын мойындау ұғымы жатыр. «Артында қарайғаны бар», «шаңырағы иесіз емес» т.б. секілді дәстүрлі ұғымдар қашанда көңілге демеу. «Маңдайға жазылғанмен» келісудің тағы бір көрінісі «Ескі айда есірке, жаңа айда жарлықа», «Өткенге салауат» т.б. тұрақты тіркестерден көрінеді.

Сыртқы дүниемен үйлесім көптеген есімдердің пайда болуына әсер етті. Мысалы, көшіп-қону мерзіміне байланысты Жайлау, Көктеубай, Күзек, Қыстаубай т.б. секілді есімдер туған орнына байланысты қойылса, ай, жыл атауларына байланысты – Тышқанбай, Қоянбай, Жылқыбай, Наурыз, Сәуірбек т.б., апта күндеріне байланысты – Дүйсен, Сейсен, Сәрсен т.б., желді күні туған балаға – Желдібай, жаңбырлы күні туған балаға – Жаңбырбай, қардың жаууына байланысты – Қаржау, Қаржаубай т.б. есімдер қойылған. Ат қою дәстүріндегі үйлесім ұғымы әлі күнге сақталып келеді. Мысалы, 9 мамыр күні туған балаға – Жеңіс, Жеңіскүл, мұғалімдер күні туған балаға – Ғалым есімі қойылған мысалдар көптеп кездеседі. Енді нақты мысалдарға тоқталып көрелік: Астанаға көшіп келгенде туған балаға Астан, Астанай есімдері қойылып, жаңа бір тұлғалар жасалды. Сол секілді әкесінің іссапарда жүрген жерімен атау да кездеседі: Балқаш, Бұқара, Дәрия (туғанын Балқаш көлінің жағасында жүргенде есітіген). Қонағына кең пейілдік таныту да қазақ халқының психологиясындағы үйлесімге деген сұраныстың бір көрінісі. Жан дүниесінің қалауы осылайша балдаға ат қоюда да көрініс берді.

Кеңес үкіметі тарап, әркім оңаша отау тігіп жатқанда, Қазақстанға сырттан әкеліп қоныстандырылған өзге ұлт өкілдерімен арада қақтығыстар болады деген талай саяси болжамдардың болғаны рас, алайда жоғарыдан жүргізілген дұрыс саясат пен ғасырлар бойы ұлт менталитетінде сақталып келген үйлесім мен келісімге деген бейімділік сол болжамдардың теріске шығуына тікелей әсер етті. Әлемдегі тыныштықты сақтау мақсатында ядролық қарудан өз еркімен бас тартуында да үйлесім, үндесім заңдылықтарына құрылған мына әлемнің табиғи болмысына қарсы шықпау түсінігі тұрған секілді. Бұл ұғым-түсініктердің белгілі бір дәуір өлшемі тұрғысынан алғанда тіршілік ету, өмір сүрудің кейбір шарттарына сәйкеспейтін тұстары болуы мүмкін, алайда ұлы жаратылыс заңының қағидаларына сәйкестігі тұрғысынан мәңгіліккен бағытталған стратегия екенін мойындауға тиіспіз.

Қазақтың талай қиын қыстаулардан аман өтіп, ХХІ ғасырдағы, яғни қазіргі жағдайына жетуі осы ұлы заңдылықтарды сақтай білуінде.

ӘДЕБИЕТЕР ТІЗІМІ

1 Безлюдова М.М. Имя и календарь: М.: «Издательство ФАИР», 2008. – 320 с.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ. Материал 17.11.12 ж. редакцияға түсті.

АБДУАЛИУЛЫ Б.
ПРИРОДА ПОНЯТИЯ ГАРМОНИИ В КУЛЬТУРНОМ ПОЗНАНИИ
КАЗАХСКОГО НАРОДА
ABDUALI B.
THE NATURE OF THE HARMONY CONCEPT IN THE CULTURAL
COGNITION OF THE KAZAKH NATION

Резюме

В статье рассматривается природа понятия гармонии в культурном познании казахского народа.

Resume

In the given article the nature of the harmony concept in the cultural cognition of the Kazakh nation have been considered.

ӘОЖ 82-1/- 9(574)

Г.С. БАЛТАБАЕВА ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОВЕСІ МЕН ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ЖАҢА КӨРКЕМДІК ӨРНЕКТЕР МЕН АЙШЫҚТАР

Соңғы жиырма жыл ішінде қазақ қоғамында болып жатқан түбегейлі өзгерістер әлеуметтік рухани өмірімізді жаңа белеске шығарды. Кеңес кезіндегі саяси тепкіден, социалистік реализм құрсауынан босаған қазақ көркем сөзі алғашында абдырап қалғаны рас. Мұның өзі қоғамда «қазақ әдебиеті тоқырауға ұшырады, бүгінгі заманның жедел даму қарқынына ілесе алмай қалды» деген пікірлер тудырды. Алайда көркем өнер тез күш жинап, уақыт көшінен қалмай, жемісті ізденістерге батыл кіріскенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Ұшқыр да оңтайлы жанр – поэзияны былай қойғанда, шығармашылық толғанысы ұзаққа кететін проза жанры ширақ

қимылдап, жаңа заман биігінен қарап жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырып, тың сюжеттерді алып келді.

«Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз өз тарихымызды бұрынғыдай көп ұлтты мемлекеттің құрамында емес, дербес зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзақ жолында ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, бүгінгі егемендікке келуіміздің заңды жолын көрсетуге тиіспіз. Жалпы ұлтпен, ұлт мәдениетімен бірге қайшылықты жолдан өткен біздің әдебиетіміздің тарихы да осындай талғаммен қайта қарауды керек етеді» [1, 10 б.].

Тәуелсіздік кезеңінде жазылған прозалық туындылардағы көркемдік үлгі-өнегелер өте күрделі. Ол қаламгерлердің ұлттық ауқымындағы шеберлік нақыштарымен ғана шектелмей, әлем әдебиетіндегі көркемдік үрдістерді қазақ топырағында жаңғырта, түлете білгендігімен көңіл аудартады. Қазақ қоғамының тарихи бетбұрыстағы кезеңі – тәуелсіздік тұсында туған прозалық туындылар табиғаты күрделілігімен назар аудартады. Аталмыш кезеңдегі көркем туындылардың көркемдік-идеялық деңгейі мен эстетикалық қуатын безбендегенде, рухани еркіндік пен шығармашылық ізденістің көп қырлы, жаңа сипаты ерекше көзге түседі. Бұрын болып көрмеген тосын көркемдік амал-тәсілдерге бару арқылы қаламгердің көпке белгілі жағдайлардың өзін жаңаша суреттеуі жаңа заман оқырманының талқысынан туып отыр. Бүгінгідей түрлі ақпараттар ағыны басымдық алған заманда оқырманды қасаң қағидалар мен біржақты идеялармен ғана алдарқату мүмкін емес. Көркем өнердің көп түрлігі, қаламгердің ақыл-ой еркіндігіне мүмкіндік берілуі бүгінгі қазақ прозасының да кемелденіп, бөлекше болмысын қалыптастыра бастағандығын байқатады. Әсіресе, ұлттық идеяны берудегі әлеуметтік символиканың ролі басымдық алуда. Тәуелсіздік кезеңімен бірге келген қоғамдық - экономикалық өзгерістер қазақ прозасына да жаңа леп алып келді. Ұлттық идеяға негізделген біршама дүниелер келді. Осы аталмыш кезеңдегі жер мен ел тағдыры, «қазақтың алтын бесігі – ауыл» тақырыбы мен ұлттық таным, ұлттық рухты бейнелеп жазған туындылардың өзіндік ерекшеліктері болды. Ол ерекшелік алдымен өмір шындығының көркем шындыққа айналу формасында болды. Аталмыш кезеңге дейін кеңестік жүйе қыспағынан еркін ажырап шыққан қазақ әдебиеті алғашында абдырап қалғаны да рас-тын. Бүгінгі заман өзгерісі адам болмысына, ел тұрмысына, дәстүр-салтына қаншалықты, қалай әсер етті деген мәселелер де бүгінгі прозаның өзекті тақырыбы болып отыр. Көркем прозадағы әлеуметтік астар біресе авторлық баяндау, кейіпкер әрекеті мен ашық идея арқылы берілсе, енді бірде ирония мен сарказм тұспалында ишараланады.

Ұлттық салт-дәстүрімізді, ислами құндылықтарымызды дәріптеп, қазақшылығымызды жоғары көтеріп бейнелеген туындылармен бірге саяси-әлеуметтік өміріміздегі болып жатқан өзгерістер: ауылдың қаңырап бос

қалуы, алып-сатқан саудагерлермен, бизнесмендер мен қарапайым адамдар бейнесінің шындығы шынайы әлеуметтік пайыммен бедерленді.

Қазақ халқының жадын жаңаша толықтырған «қасқыр-бөрі», ағаш-бәйтерек, «үй-Отан-туған жұрт» т.б. ұғымдар әр қаламгерде әр тарапта көркемдік мән иеленген. Көптеген жаңа тарихи оқиғалар, мысалы: Желтоқсан оқиғасы мен оның қазақ халқының тағдырындағы қасіретті таңбасы мен саясат құрбанына айналған бейбіт өмір тұрғындарының полигон аймағындағы ауыр халі де қазіргі шығармалардың басты тақырыбы. Бұл – тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасына ғана тән ерекшелік. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасындағы үлкен бір жаңалық – дін тақырыбы. Бұл – туған әдебиетімізде үлкен шектеуге ұшырап, әдебиет ішінен өз орнын ала алмай жүрген тақырып. Әсіресе, ол XX ғасырда орны толмас үлкен эстетикалық зардап шекті. Дін тек мемлекеттік жүйеден ғана шеттетілген жоқ, біздің бүкіл мәдени болмысымыздан ажыратылды. Бұл жерде қызыл коммунистік цензура аз рөл атқарған жоқ. Әдебиетіміз дінсіз, бір қабат терісі алынған қызыл шақа денеге айналды. Міне, осындай рухани мешеулік жайлаған атмосферадан кейін С. Досанов, Т. Ахметжан, Д. Амантай, А. Кемелбаева, Д. Рамазан Е. Әбікен, т.б. қазақ қаламгерлері өте жаңашыл, ірі қадам жасады. Әрине, әр жазушы өз ортасының жемісі. Қаламгерлердің бірқатары – А. Кемелбаева мен Д. Амантайлар өздерінің дінге бет бұруын жалған бояулармен әсірелемей, ішкі болмысты таза қалпында көрсеткісі келеді. Ал, Д. Рамазан сынды жазушыларымыз дін тақырыбындағы сонылықты Құраннан тікелей аударма жасап, ремиссенция әдісіне жүгінеді. Сонымен қатар, Құранның ең қадірлі, ірі маңызды сүрелеріне үлкен мән беріп, Құранға үстірт мойын бұрмай, үлкен оқымыстылықпен қарап жазған суреткерлер де баршылық. Құран сүрелерінен үзінді келтіру арқылы дүниеге келген туындылар – автордың бар идеялық-эстетикалық тұжырым, байлауын көрсетеді. Олар өздерінің жанының байыздап, үйіздер жерін осы Құраннан тауып, шын мұсылмандық кейпін танытады.

Қазақ халқының рухани өміріндегі зор сілкініс – ата-баба дәстүріне, мұсылмандық негізге қайта оралуында. Адамды адамның жатсынбай бауыр, туыс көруі, жақсылық, ізгілікті өмірдің өлшемі ретінде бағалау – қазақ халқының ұлттық мінезіне тән қасиет. Сондықтан да ол ислами құндылықтармен кірігіп, қабысып кеткен. Алайда ұзақ уақыт бойына сырттан тағылған өмір сүру әдептерінің кері әсері бұл жүйені әлсіреткенімен, толық жойып жібере алмағаны көркем прозада да ізін қалдырған. Мәселен, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин секілді қаламгерлер амалын тауып, мұсылман дінінің қасиетін, кей көріністерін енді жанды жағдайда көркемдік құбылысқа айналдырғаны байқалады. Дін мен сенім бостандығы да – осы сөз болып отырған кезеңнің артықшылығы. Ал, оның көркем әдебиеттегі түрлі сипаты авторлық таным, шығармашылық ізденіс, талант қуаты, өмірлік мұрат секілді жағдайлармен тығыз сабақтас.

Прозалық туындыларда жаңаша мән иеленіп, отырған фольклорлық образдар жүйесі де – қасқыр-тотемі, ағаш-дүние тірегі, су-өлім, т.б. қазіргі тәуелсіздік тұсындағы өмір шындығын танытудың тәсілі ретінде қолданылып жүр. Қоғамдағы Адам рөлі оның жан-күйімен, табиғатпен, қоғаммен байланысы, ұлттық құндылықтардың көмескілену себептерін ашу мақсатында көптеген әңгіме, повестер жазылды.

Сөз өнерінің мақсаты – адамның жан дүниесіне ізгілік нұрын сеуіп, жақсылыққа, адамгершілік мұраттарға тәрбиелеу. Ал, соңғы уақыттарда жаһандану үрдісі басымдық алып, ұлттың сан ғасырлық құндылықтарын батыстық сананың көлегейлей бастағаны жасырын емес. Ұзақ уақыт бойына белгілі бір идеяларды азық еткен қазақ оқырманы өзінің рухани сұранысын қанағаттандыратын туындыларға ділгір. Тәуелсіздік тұсындағы көркем проза жаңаша үрдістердің басымдық алуымен ерекшеленеді. Қаламгерлердің орыс, еуропа әдебиетіндегі көркемдік үрдістерді ескере отырып, қазақ топырағында, қазақ оқырманының ұғым-түсінігіне сәйкес түйіндей білу шеберліктері де анық байқалып отыр. Қазіргі қазақ прозасының көркем және фантастикалық антропологиялық түрлік ерекшеліктерін Д. Досжанның, Г. Шойбекованың, Т. Шапайдың, М. Қабанбайдың, Асқар Алтайдың шығармашылығынан байқауға болады. Шығарманың көркемдік әлемінде бұрындары тек портреттік жанама сипатта ғана қолданылатын адамның дене мүшелері мен ағзаларының (мәселен: жүрек, бауыр, бүйрек, ұлтабар, шаш т.б.) жаңа қазақ прозасында сюжеттік, оқиға желісіне құралып, туындының негізгі өзегі мен шығарма арқауына айналуына баса назар аударылды. Авторлық таным мен кейіпкер характерін ашудағы осы көркем антропологиялық ерекшеліктердің тигізетін әсері мен олардың алатын орнына мән берілген. Сонымен бірге қазақ прозасының жаңаша сипаты виртуальдық, мистикалық сарындардың енуімен де ерекшеленеді. Адам болмысындағы дерексіз ұғымдарды деректендіру арқылы Адам тұлғасының күрделі қайшылығын ашу – виртуальды шығармалардың негізгі өзегі. Бұл дәстүрдің алғашқы арналары қазақ фольклорында, 20-30-жылдардағы *Алаш әдебиетінде* болғаны рас. Бірақ социалистік реализм әдісінің басымдық алуына байланысты үзіліп қалған. Жаңа ой-сезім еркіндігі арқасында қиял мен шындық синтезі арқылы символдық ой айтуға ұмтылыс тәуелсіздік жылдарындағы прозадағы соны жаңалықтардың бірі болып отыр. Бұрынғы прозалық туындылардың басым көпшілігінде Адам мен қоғам арақатынасына айрықша көңіл бөлініп, қоғамдық болмыс алдыңғы кезекке шығарылса, виртуалды туындыларда әрбір жеке адамның өзі ішкі, сыртқы болмыстан тұратын күрделі, қайшылықты тұлға деген ойға меңзейді.

Жаңа заман прозасының жаңалығының бірі – прозалық туындылардағы мистикалық сарынның көрініс табуы. Мистика қалыпты жағдайдан ауытқып, адам қиялының ең түпкіріне бойласа, көркем шығармадағы бұл сипат Өлім мен Өмірдің мәнін айыруға жұмсалады. Өлім мен Өмірдің диалектикалық

бірлігі, көркем прозаның да табиғатына тән. Шығарма кейіпкерінің тек жарқын да жақсы өмір сүруі шындық өмірге сыйымсыз. Ал ащы мен тұщысын қатар алып, арпалысқан екіұдай сезімді суреттеу – шын шеберліктің сипаты. Мистикалық элементті өз шығармашылығында пайдаланған жазушылардың туындыларын талдау осындай ой қорытындыларын жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ прозасының мистикалық сарынында жетекші рөл атқарып, жиі қолданылып жүрген «Айна» сарыны. Көркем шығарманың мақсаты – реалды шындықты ғана бейнелеп қоймай, адам жаратылысының, табиғат тылсымының құпияларына ой жүгіртуге әсер ету, адамның жан әлемін ізгілікке бағыттау. Мистикалық сарын да осы міндетті көздейді. Адам қиялы ең болмағанда мистика арқылы ақиқатқа жетеді. Бұл сәбилік санадан есейген шаққа дейінгі адам санасының өшпес қасиеті. Болмыстан тыс құдірет пен күштің ықпалы, өз ой-санасы жетелеген өмір құпияларына бойлауға ұмтылыс – саналы адамзат баласының өмір сүруінің алғышарты. Қазіргі қазақ прозасындағы тосын оқиғалар мен жағдаяттарды бейнелейтін мистикалық сипаттар осы өміршең ізденістердің іздері. Сонысымен де бағалы. Жалпы қазіргі қазақ прозасындағы мистикалық прозаға тән белгілерін талдай отырып жас қаламгерлер арасында белең алып келе жатқан жаңаша көркемдік құбылыс екендігін байқауға болады. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі мистикалық сипат тамырын сонау фольклордан алып, бүгінгі күні өз арнасын кеңейтіп отыр. Ғасырлар бойына өзінің тылсым құпиялылығымен, селк еткізер сесімен жұмбақ болып келген мистикалық аңыз-әңгімелер қазірде қайта жаңғырып, жаңаша түрге енді.

Тәуелсіздік тұсындағы шығармалар тек тақырыптық, образдық тұрғыдан ғана емес, көркемдік ерекшелік, поэтикалық стиль тұрғысынан да жаңарып, түлегені байқалады. Жаңа тақырып пен өмір құбылыстарын бейнелеудегі тілдік айшықтар (орнаментальді) арқылы да қаламгерлердің даралық қолтаңбасы айқындалады. Адам және оның өмір сүріп, тіршілік етер ортасындағы заттық әлем арасындағы қарым-қатынасты суреттеу көркем әдебиетте үзіліп қалған үрдіс болатын. Бұл кемшін әсіресе, ұлттық әдебиеттерде туған жер, өскен орта, ұлттық ерекшеліктерін тануды тұмшалау салдарынан орын алды. Біз осы олқылықты жоюға тырысқан қазіргі қазақ прозасындағы «үй мотивінің» көркемдік мәні зор. Нәтижесінде бұл мотивтің өзі түрлі сипатта: «киелі орын, адам баласының жалпы мекені» дейтін оң бағытпен қатар, гротескілік, аллегориялық, сатиралық фон ретінде де алынатындығы мәлім болды. Мысалы: Т. Шапайдың «Үйдің иесі», Қ. Әбілқайырдың «Қағаз қала» әңгімесі. Адам және оның тұратын мекен-жайы мен ондағы тұғыну заттарының жанды образ иеленуі, иесімен байланысына баға беруі, т.б. жайттар қазақ прозасындағы тың түрендер деуге болады. Мұның сырын түсіну үшін орыс, Еуропа халықтарының әдеби үрдістеріне бойлау керек.

Фразалық идиомалар мен тұрақты тіркестердің, жарыспалы диалогтар мен монологтардың тізбекті тобы арқылы ойды үдете жеткізу, орнаментальді проза үлгілерінің жетістігін пайдалану жаңа прозадағы тың ізденістер нышаны болып табылады. Шығарма мазмұнындағы қайталаулар, прозалық пейзаждық суреттер мен адам жан-күйінің алма кезек өрілімі арқылы кестелі тіл өрнектерін бедерлеу де – прозадағы жаңа бір көркемдік тәсіл.

Мүсіндеу жүйесіне сана ағымы барысында таңбалық мән ретінде жүк арту қазіргі қазақ прозасында кең өріс алған. Бет-пішіні, түр-сымбат жекелеген эмблематика, символдық белгі арқылы бейнеленеді.

Сонымен қатар, қазақтың жаңа прозасында жалғыздық, айқай, айна сарынының қолданысы жиі кездеседі.

Қазіргі қазақ әңгімесіндегі өмір мен өлім концепті (танатологиялық сарын) де қазіргі прозада баса назар аударатын сала болып отыр. Себебі, соңғы кезде көптеген қаламгерлер өлім тақырыбын (суицидті) өз шығармаларына арқау етіп алуы жиі кездеседі. Өмір сүре білу – әрбір адам үшін үлкен сынақ. Осы сынақта уақытша қиындықтар мен ауыртпашылықтарды көтере алмай, өзіне-өзі қол жұмсау қоғамымызда көп көрініс алуда.

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі өмір мен өлім концептісі сан арналы түрлі формада бейнеленеді. Әсіресе, өзін-өзі өлтіру сарыны – шешуі жоқ күрмеулі тақырып болса да, қазақ қаламгерлері өзіндік көркемдік шешім табуға тырысқан. Аталмыш тақырыпта қарастырылған әңгімелер әртүрлі болғанымен, қаламгерлердің айтары бір. Ол әрқашан да тіпті өлім алдында да өзінің болмысыңды төмендетпей биік ұстау. Авторлардың ұсынатын концепциясы – нендей жағдай болса да осалдық танытып, күнәһар болып, өзіне-өзі қол салудан жирендіру.

Қорыта келгенде, тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасы жаңа көркемдік белеске көтеріліп, өзгеше өрнек қалыптастыру жолына түсті деп ой түйіндеуге болады. Ол – дәстүрлі халықтық, ұлттық құндылықтардың ежелден келе жатқан ізгі үрдістерін адамзаттың өркениет құндылықтарымен шебер үйлестірген көркемдік ізденістермен сипатталады. Біз талдаған туындылар – осы жаңа серпіннің алғашқы арналары. Жаңа сипатта, жаңғырған тәуелсіз сана мен сезімнің көркем болмысын бейнелейтін туындылар алдағы күндердің еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. Т.8. – 448 б.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ. Материал 15.11.12 ж. редакцияға түсті.

Г.С. БАЛТАБАЕВА
 НОВЫЕ ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ В СОВРЕМЕННЫХ
 КАЗАХСКИХ ПОВЕСТЯХ И РАССКАЗАХ
 G.S. BALTABAYEVA
 NEW ART FEATURES IN MODERN KAZAKH STORIES

Резюме

Статья посвящена художественному феномену молодой казахской прозе периода независимости, который только начинает исследоваться казахской литературой.

Resume

The article is devoted to artistic phenomenon of young Kazakh prose in the period of independence, which only begins to explore in the Kazakh literature.

УДК 800.1:801= 30

Л.Е. ДАЛЬБЕРГЕНОВА, Е.А. ЖУРАВЛЁВА МНОГОАСПЕКТНЫЙ ПОДХОД К СЕМАНТИКЕ ПРИЧИННО-СЛЕДСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ

Данная работа посвящается анализу основных лингвистических исследований, посвящённых категории каузальности, а также даётся краткий обзор философских и логических концепций причинности. Проблема причинно-следственных отношений находится в центре внимания многочисленных трудов лингвистов, поскольку каузальность (причинность) есть один из основных законов объективной действительности (causa (лат.) - причина). Причина трактуется в философии как явление, непосредственно обуславливающее, порождающее другое явление (следствие) [1]. Причинно-следственная связь является одной из ведущих форм взаимосвязи и обусловленности процессов объективной действительности. Природу причинной связи составляет порождение причиной определенного следствия. Причинная связь представляет собой «отношение между двумя явлениями, событиями, одно из которых выступает в качестве причины, а другое в качестве следствия» [2, 216]. Сущность причины и характер следствия взаимообусловлены. Понятия причины, следствия, причинной связи принадлежат к важным философским, онтологическим понятиям. Данные категории вырабатывались в процессе исторического развития и познания человеком окружающего мира. Они отражают важнейшую закономерность объективного мира, знание которых необходимо для практической деятельности человека.

Логический анализ языка, концепт «причина» исследовался учёными-исследователями на протяжении многих веков. Концепт «причина» рассматривается в работах З. Вендлера [3], Д. Дэвидсона [4], М. Арутюновой [5], Б. Рассел [6], Ю.С. Степанова [7]. Причинная связь является одним из видов содержательной связи, она изучается формальной логикой лишь с точки зрения методов ее установления, в связи с логическими приёмами установления причинно-следственных отношений между явлениями.

Основные различия между философским и логическим подходом к категории причинности состоит в том, что философия исследует причинно-следственные отношения предметов и явлений объективной реальности, определяет основные понятия и суть причинности, тогда как логика имеет своим объектом причинную связь между мыслями в высказывании, т.е. объект логики значительно уже. Она имеет дело с «идеальными» мыслительными субстанциями. Логика связана с объективной действительностью, т.к. определяет содержание её объектов. Однако в виду их абстрактности она вынуждена опираться и на языковую деятельность. Объекты логики не совпадают ни с объектами реальной действительности, ни с объектами языка [8, 50-52]. Анализ языковых фактов является для логики лишь средством, поскольку объекты изучения логики манифестируются в формах языка.

Логика обращается к категории причинности, оперирует ею, пытается установить ее в высказываниях и даже формализовать. Фундаментальными понятиями логики являются такие понятия как логический вывод, суждение, умозаключение, индукция, дедукция и некоторые другие. Является ли категория причинности логической? Д.П. Горский констатирует, что причинная связь не является логической, поскольку следствие вытекает из причины не в силу законов логики, а на основании законов природы [9]. Задача же логического анализа причинности заключается в систематизации тех правильных схем рассуждений, посылок или заключениями которых служат каузальные высказывания.

Прогрессирующий интерес к познанию внутренних взаимосвязей между явлениями объективного мира находит отражение в интенсивном исследовании языковых средств выражения каузальных отношений. По мнению лингвистов, языковая каузальность это «факт», когда каузальное отношение реализовано языковым семантическим способом, указывающее на внеязыковые каузальные связи. Причинно-следственные отношения являются объектом исследования в многочисленных работах на материале различных языков и в различных аспектах. Так, франкфуртский грамматик Зимон Хайнрих Адольф Херлинг (Herling S.H.A.) (1780-1849) рассматривает содержательную сторону языковых категорий в комплексе функционально-семантическом плане, называя её логическим расщеплением. Логическое расщепление ведет к дефиниции трех основных классов содержательных

отношений: атрибутивные, пространственно-временные и каузальные отношения. Каузальные отношения определяются Херлингом как временное следствие и отношение внутренней зависимости причины и следствия, где следствие непосредственно возникает из причины. Иначе он ее называет «Wirkursache» т.е. влияющая следственная причина; предшествующее по времени явление создает условие для возникновения другого явления. При классификации понятий: «причина» и «следствие» ученый заимствует из области локальности вопросы «откуда/ куда». [10, 214]. К каузальным отношениям в широком смысле слова ученый относит причинные, финальные, следственные, уступительные.

Сложность объекта исследования и размытость границ между понятийными областями объясняет многообразие подходов исследований категории каузальности. Т.е. к каузальному в широком смысле слова относятся непосредственно причина, следствие, цель, условие и уступки, образуя широкое поле обусловленности. [11], [12]. С.А. Шувалова называет уступительные отношения отношениями «антиобусловленности» и включает в каузальные отношения лишь причинно-следственные, целевые и условные [13: 55].

Р.М. Теремов [11], Grundzüge der deutschen Gegenwartsprache [12] включают в каузальный комплекс целый ряд семантических разновидностей, образует широкое поле обусловленности. В качестве функционально-семантического поля (ФСП) обусловленности представлены данные отношения у А.В. Бондарко [14], центральное место в ФСП принадлежит полю причины. Объединение полей обусловленности в рамках одной группировки имеет как языковые, так и неязыковые основания. Под экстралингвистическим углом зрения языковые категории причины, следствия, условия, цели и уступки можно рассматривать как отражение детерминированных явлений действительности, их влияния друг на друга, упорядоченного отношения друг к другу. С лингвистической точки зрения центральное место в рассматриваемой группировке принадлежит полю причины. Семантическое единство отношений обусловленности проявляется в соотносительности посредством взаимомотивации, пересечении полевых структур, в отсутствии чётких границ, в возможной взаимоконвертируемости: одна и та же номинативная основа отношений обусловленности может быть представлена по мнению А.В. Бондарко в виде причинно-следственной, условной и целевой структуры. Семантическое своеобразие отношений обусловленности предопределяет наличие у них ярко выраженной текстообразующей функции. Любая конструкция обусловленности содержит отсылку к другой, которая каким – то образом связана с первой как отношениями обусловленности, так и отношениями мотивации. Эти другие отсылают и отсылаются к третьим и т.д. «Благодаря комплексу перекрестных отсылок в тексте образуется некий континуум обусловленности

(семантическое пространство обусловленности), являющееся одним из компонентов практически всех разновидностей текстов» [14, 59].

Подобную интерпретацию каузальной связи мы находим также в «Основных положениях немецкой грамматики» [12, 799], где авторы исходят из «отношений обусловленности» как основной структуры и рассматривают каузальные отношения как особую категорию: «Явление р обуславливает явление q, если существование р является предпосылкой или условием существования q, причём р не вызывает явление в обязательном порядке, но обосновывает его. Р является в данном отношении условием, q – обусловленным. Отношение обусловленности охватывает различные случаи осново-следственных отношений, в особенности причинно- следственные отношения как особые. Каждое причинно-следственное отношение является, таким образом, отношением обусловленности, в то время как обратное не действительно». Понятие обусловленности шире и полнее понятия причины. Причина является определённым видом условия, в то время как не каждое условие является причиной.

Л.И. Камынина представляет причинно-следственные отношения как функционально-семантическое поле на материале английского языка, определяя языковые структуры и единицы языка, относящиеся к ядру поля каузальности, к окооядерному и периферийному пространству. [15]

В языковедческой литературе 60-х годов 20 в. категориальная сущность каузальности была определена как синтаксическая (О.Д. Боев [16], В.Л. Медынская [17], Н.И. Штыкало [18]). Учёные показывают лингвистическую специфику понятия причины в сравнении с философской и физической его интерпретацией, раскрывают особенности, присущие ей как лингвистическому явлению. «Значение причины получает выражение в определенной системе лексических и грамматических форм, которые возникли в языке вследствие познания самой действительности, ибо при описании любой познавательный материал неизбежно пропускается через сортировочную машину языка» [18, 8]. Так как язык представляет особую лингвистическую модель отображения мира, то необходимо раскрыть специфику их содержания в плане строго лингвистической интерпретации, учитывая понимание языковых категорий носителями языка. Причём необходимо учитывать специфику того или иного языка.

А.П. Комаров рассматривает общее значение каузальности («предметно-логическое отношение») как семантическое ядро совокупности средств выражения, лингвистический статус которых определяется как реляционное поле каузальности (РПК) в немецком языке [19]. Под РПК понимается семантическое пространство, образуемое совокупностью классов структур, принадлежащих разным уровням языка и объединенных общностью выражаемого ими отношения каузальности. А.П. Комаров вычленяет в РПК центр и два

периферийных сегмента. «В центре» РПК находятся структуры, выражающие каузальное отношение в максимальном чистом виде, не отягченное никакими другими оттенками. На периферии, по мере удаления от центра, располагаются структуры в зависимости от степени убывания чистоты каузального значения, а именно языковые структуры условия, цели, уступки и следствия.

Необходимо отметить также работы Е.Н. Охилькова и Г.А. Кононова в области немецкого языка, посвящённые исследованию каузальных средств выражения в функционально-стилистическом плане. Так, Е.Н. Охилькова анализирует функционирование отдельных средств выражения каузальности в публицистическом, официально-деловом и научном стилях, Кононова выявляет функционирование каузальных языковых средств в неофициальном (бытовом) диалоге. [20], [21]

В казахском языке каузальность рассматривалась прежде на уровне синтаксиса (А. Хасенова [12], Н.Х. Демесинова [13], М. Балакаев [14], Ш. Сарыбаев [15]). Необходимо отметить исследование функциональных аспектов причинно-следственных отношений в казахском языке М.М. Толеуп [16] и С.Ж. Тажибаевой [17], М.М. Кумисбаевой [18]. В работе С.Ж. Тажибаевой причинно-следственные конструкции рассматриваются в контрастивном плане, производится анализ полипредикативных аналитических и синтетических каузальных конструкций в казахском языке и их сопоставление с алтайскими и тувийскими языками.

В связи с универсальностью каузальности как категории мышления изучение средств её выражения приобретает когнитивную значимость. Концептуальная причинно-следственная семантика служит источником существования систем языковых единиц, законов их речевой актуализации, а также предопределяет структуру высказывания, представляя собой основу их функционирования.

Каузальные конструкции дифференцируются на основе отражаемого ими конкретного коммуникативно-прагматического содержания, различные варианты которого проявляются в каузальных категориальных ситуациях. Характерной чертой каузальности является то, что она может быть выражена как при помощи определённых эксплицитных причинно-следственных показателей, так и путём тема - рематического отношения в линейной последовательности отражаемых языковыми средствами событий. Доминантная роль в механизме актуализации каузального отношения принадлежит языковому инварианту, своего рода программе, представляющей собой обобщённую типизированную каузальную ситуацию.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Философский энциклопедический словарь. - М.: Советская энциклопедия. Гл. редакция: Л.Ф. Ильичёв, П.Н. Федосеев, С.М. Ковалёв, В.Г. Панов. 1983.

- 2 Алексеев П.В., Панин А.В. Философия: учебник. 3- изд., перераб. И доп. - М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2003. – 608 с.
- 3 Вендлер З. Причинные отношения: Пер. с англ.// Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 18: Логический анализ естественного языка. - М., 1986,
- 4 Davidson D. Causal relations // The Journal of Philosophy. 1967. Vol. 21.
- 5 Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: Оценка. Событие. Факт. - М., 1988, С. 157.
- 6 Рассел Б. Человеческое познание: Его сфера и границы: Пер. с англ. - М.: Изд-во иностр. литер., 1957. –555 с.
- 7 Степанов Ю.С. Концепт, причина и два подхода к концептуальному анализу языка.//Логический анализ языка. Академия наук СССР. Культурные концепты. - М., 1991. - С. 5-14.
- 8 Тарасова Л.Д. Языковой статус причинной связи.//ФН.1998. № 1. - С. 50-55.
- 9 Горский Д.Р. Логика. - М., 1963, - С. 259-262.
- 10 Herling S. H.A. Syntax des einfachen Satzes.Hersg. Elmentaler M. Logisch-semantische Studien in der Grammatik des 19. Jh.. Tübingen: Max Niemeyer Verlag, 1996. - 356 s. (S. 214)
- 11 Теремова Р.М. Опыт функционального описания причинных конструкций. Л.: Изд-во ЛГПИ им. А.И. Герцена, 1985. - 274 с. (С. 6)
- 12 Grundzüge einer deutschen Grammatik. Autorenkolleg unter der Leitung von K.E. Heidolph. Berlin (O): Akademie Verlag, 1981. 876s. (S. 799)
- 13 Шувалова С.А. Смысловые отношения в сложном предложении и способы их выражения. М.: МГУ, 1990. - 215 с. (С. 55)
- 14 Бондарко А.В. Теория функциональной грамматики: Локативность. Бытийность. Посессивность. Обусловленность. - СПб.: Наука, 1996. - 197 с. (С. 59)
- 15 Камынина Л.И. Функционально-семантическое поле каузальности в современном английском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук. - М., 1992. - 16 с.
- 16 Боев О.Д. Сложные предложения с причинными отношениями в современном немецком языке и их коммуникативное членение. Дисс. канд. филол. наук. - М.: Изд-во МГПИИЯ, 1963. - 258 с.
- 17 Медынская В.Л. Синтаксическая категория причины и ее взаимодействие и др. синтаксическими значениями (по данным русского языка I половины 19 в.). Автореф. дисс. филол. наук: 10.02.01. - Днепропетровск: Изд-во ДГУ Ордена Трудового Красного Знамени, 1973. - 17с.
- 18 Штыкало Н.И. Формы выражения синтаксической категории причины и принципы их выбора в русском литературном языке. Автореф. дисс. филол. наук: 10-660 – русский язык. - Днепропетровск: Изд-во ДГУ Ордена Трудового Красного Знамени, 1971. - 22 с. (С. 8)

- 19 Комаров А.П. Система средств выражения причинно-следственных отношений в современном немецком языке. Автореферат дисс. ...канд. филол. наук: 10.02.04. - М.: Изд-во МГПИИЯ им. Мориса Тореза, 1973. - 70 с. (С. 167-168, С. 11,)
- 20 Охильков Е.Н. Функционально-стилистическая реализация средств выражения каузальности в современном немецком языке: Автореф. дис. канд. филол. наук. -М., 1986. - 18 с.
- 21 Кононов Г.А. Выражение каузальных отношений в немецкой диалогической речи (на материале немецкого языка): Дисс. канд. филол. наук. - Пятигорск, 1994. - 178 с.
- 22 Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. -Алматы. Ғылым, 1971. - 305 б.
- 23 Демесинова Н.Х. Развитие синтаксиса современного казахского языка. - Алма-ата: Наука. 1974. - 171 с.
- 24 Балакаев М. Сөйлемнің толықтауш және пысықтауыш мүшелерін айыру туралы // Халық мұғалемі. - Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР. 1952/10 - Б. 73-79.
- 25 Сарынбаев Ш.Х. Толықтауыш пен пысықтауыш мәселесіне// Халық мұғалемі. - Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1953/8 - Б. 41-46.
- 26 Төлеуп М.М. Кәзіргі қазақ тіліндегі себеп-салдарлықтың функционалдык аспектісі. Дис. филол. ғылым: 10.02.02- қазақ тілі. Алматы: Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеттің баспасы, - 2002. - 148 б.
- 27 Тажибаева С.Ж. Способы выражения каузальных отношений в казахском языке. (электронный ресурс) Дисс...канд. филол. наук: 10.02.20. - М.: РГБ, 2005. - 354 с.
- 28 Кумисбаева М.М. Каузальный гипотаксис английского языка и способы передачи его в казахском языке. Дисс...канд. филол. наук: 10.02.04, 10.02.02. - Алматы: Изд-во КазГУМО и МЯ им. Аблай-хана, 1999. - 123 с.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана. Материал поступил в редакцию 04.10.2012.

Е. ДАЛЬБЕРГЕНОВА, Е.А. ЖУРАВЛЁВА
СЕБЕП-САЛДАР СЕМАНТИКАЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ ТУРАЛЫ ТҮРЛІ
ШҚІРЛЕР
L.E. DALBERGENOVA, E.A. ZHURAVLYEVA
MULTIDIMENSIONAL APPROACH TO THE SEMANTICS OF CAUSAL
RELATIONSHIPS

Түйіндеме

Берілген мақалада себеп-салдар функционалды семантикалық дәреже ретінде қарастырылады. Бұл мақалада себеп-салдар дәрежесі туралы түрлі пікірлер жиналады.

Resume

The given article analyses causality of functional semantic category. This work contains the different aspects of causality category

ЭОЖ 398.224(574)

Қ.П. ЖҮСІП, Н.Қ. ЖҮСІПОВ
МӘШҲҮР–ЖҮСІП – СӨЗ ШЕБЕРІ:
АДАМ ПОРТРЕТТЕРІ

Қазақ тілі байлығын меңгермеген адам сырттан кіргенде, далада аяз бар екенін жай хабарлаумен шектелсе, тіл байлығын шындап меңгерген қазақ тек «Аяз бар»-деп жай мәлімдеуге ұрынбай: «Шытқыл, шыңылтыр, шытырлаған, үскірген, өкіріп тұрған, ақырған т.с.с. сөздердің бірін атаса, аяз сипатын көз алдымызға нақты елестете алар едік қой.

Біз содан кейін де республикалық газет-журналдарда қазақ тілі байлығын дәлелдеуге арналған мақалалар жариялап отырдық та, соның бәрін осы кітаптың соңғы бөлімінде жинақтап берген болатынбыз. Ол жинақтау кейін шыққан 7 томдық шығармалар жинағымыздың 3- томындағы, яғни «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту»- деген еңбегіміздің соңғы «Көркем шығарма тілін таныту»- делінген 3- бөлімінде (295-409 б.) орын алғанын еске саламыз.

Көркем шығарма тілі байлығын дәлелдеуге арналған бұл мақалалар негізінен алғанда, 1917 жылдан кейін кітап шығарған: М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Нұрпейісов т.с.с. қаламгерлер шығармаларынан алынып келсе, қазақтың белгілі ақыны Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1917 жылдан көп бұрын 20 томдық шығармалар жазғанын ескеріп, алдымен жол бастаушы ретінде Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілін танытуды мақсат еттік.

Бұл орайда ескерте кететін тағы бір мәселе- Мәшһүр-Жүсіп қағазға түсірген ауыз әдебиеті нұсқалары мәтіндерінің Мәшһүр-Жүсіп шығармалары ретінде қарастырылуы орынды болады деп шешкенімізді еске саламыз. Себебі ауызша айтылғанды саралап қағазға түсірген Мәшһүр-Жүсіптің сол ел арасында бұрын ауызша ғана таралып келген ауыз әдебиетіндегі сөздерді теруі, бағалауы- бәрі жатқанын, оны Мәшһүр-Жүсіптің төл туындыларындағы сөздерге ықпал еткенін ескеріп, осы 20 томдықтағы сөздерді «Мәшһүр-Жүсіп тілі»- деген аталыммен жариялап, сонынан соның жалғасы ретінде кейінгі қаламгерлер: Б. Майлин, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Нұрпейісов т.с.с. шығармалары тілін топтастыруды

жөн санадық. Сол кітаптарға (әзірше 6 том бола ма деп шамалап отырмыз) топтастырылған мысалдардың бәрін «Сөз құдіреті»- деген атпен жариялауға кіріспек ниетіміз бар. Егер осы мақсатты іске асырып үлгерсек, ол қазақ тілі байлығын дәлелдейтін еңбек ретінде басқа тілдерге аударылып жатса, қазақ тілінің әлемдегі ең бай тілдің бірі екені дәлелденіп, бүгінгі қазақ тілін екінші қатардағы тіл ретінде санап, елемейтіндерге ой саларлық еңбек жұрт назарын аудартар еді деген ойдамыз. «Мәшһүр-Жүсіп тілі» дегенде, оның ішіндегі тақырыптарды (оқырман іздеуін жеңілдету үшін) алфавит ретімен бергенді жөн көрдік. Сонда «Адамның оң сипаттары», «адамның теріс сипаттары»- тақырыптарының алдымен берілуін ескертеміз. Осы орайда мысалдар өрілуі тұсында белгілі томның қай жылы қай баспадан шыққанын ескерте бермей-ақ (біріші томы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті баспасынан 2003 жылы шыға бастағаны белгілі) алдымен том реті, ізінше кітап бетін келтірумен, қажет сөзді астын сызып, яғни неғұрлым багтитып көрсетіп, берумен шектелетінімізді еске салғымыз келеді.

Адам портреті

Аңқи// Ашық-шашық қалу, жабылмау, аңқию. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1- том, А., Ғылым, 1974, 279 б.

1. Жұмысым жоқ **аңқиған** ауыз, тілде,
 Ұстасумен кетеді қолым белде. (2-26 б.).

2. Төсі менен балғасы балқып кетіп,
 Аузын ашып **аңқиып** қалды тұрып. (3-151 б.)

3. Сонда бейпіл жауып тұрған жаңбырдың бір тамшысы оның **аңқитып** ашқан аузына тамбасқа шарасы бола ма, тамады. (11-126 б.).

Бүр // Жиырып, бүрістіру. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2- том, А., Ғылым, 1976, 571 б.

4. [Гүлшат туралы]

Оймақтай аузы **бүріліп**,

...Тысқа шықты көрініп. (4-375 б.).

Тамса // Бір нәрсенің дәмін ауызбен байқап көру. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8- том, А., Ғылым, 1985, 577 б.

5. Өмірін өткізеді жазды-қысты,
 Аузының дәмін алып **тамсауменен**. (4-13 б.).

Шалжай (шалжи) // Емін-еркін, қаннен-қаперсіз жайғасу, шолжию. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 10- том, А., Ғылым, 1986, 114 б.

6. [Жаңабатыр] Аузын ырбитып, ернін бұлай бір **шалжайтты**, олай бір **шалжайтты** да, қайтадан теріс қарап жата кетті дейді. (9-158 б.).

Брби // Ауыздың, әлде басқа бір заттың сөлекет ашылуы, жыртию // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 10- том, А., Ғылым, 1986, 403 б.

7. Сонда Өтекең [Өтеміс абыз]:
-... Аш кетті-ау, тамаққа жары алмай кетті-ау!- деп, аузы **ырбиып**, ... жылап отыр дейді. (9-245 б.).
8. [Жаңабатыр] Аузын **ырбитып**, ернін бұлай бір шалжайтты, олай бір шалжайтты да, қайтадан теріс қарап жата кетті дейді. (9-158 б.).
- Бұрал** // Толықсып, толқу, майысу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2-том, А., Ғылым, 1976, 536 б.
9. Майданға Бедер кірген соң, // -Кел, Қасақ!- деп тұрған соң, // Шыдамады Наурызбай // Түрегелді-ау орнынан, // Шыбықтай белі **бұралып!** (5-324 б.). **Албыра** // Беттің, еріннің қызарып дуылдауы. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, А., Ғылым, 1974, 205 б.
10. Бетінен **албыраған** қаны кетті,
Сайраған бұлбұл құстың сәні кетті (3-295 б.).
11. [«Бопы төренің қарындасын жоқтағаны»]
Албыраған ақша бет
Сүйегіне таяйын. (5-30 б.).
- Дидар** // Жүз, келбет, түр, түс. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 128 б.
12. «Ақ сұңқардың **дидарын** көрейін!»-деп,
Орынбай сол жарлықпен келе жатыр.
[Орынбайдың Шортанбайға айтқаны] .(6-221 б.).
- Үз** // Бүгін, тұтас заттың, нәрсенің бір бөлегін қолмен жұлып алу, бөлектеу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, А., Ғылым, 1986, 522 б.
13. Алмадай екі беті **үзіліп** тұр,
Үзілген қызыл гүлдей сағақтары. (13-118 б.).
- Бөксе** // Адамның, жануарлардың белінен төменгі дене мүшесі. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2-том, А., Ғылым, 1976, 401 б.
14. Жөргекте қызды Құдай ұрған, ботам,
Бөкссін іздегенде, бұрған, ботам. (13-184 б.).
15. Сонда Мақпал бәйбіше:
-... «Бұл қай **бөксе?**»- десең, Айдабол шыққан **бөксе**...-деп, жүре берген екен. (10-13 б.).
- Жұлын** // Омыртқалардың ішіндегі мимен жалғасатын ақ зат. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 218 б.
16. **Жұлын** тұта жаурын ортасына
Мейірбандық тигізді Құдірет қолын. (13-111 б.).
- Аз** // Арықтап жүдеу, еттен арылу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, А., Ғылым, 1974, 75 б.
17. Мен өзім өлең іздеп, жүдеп **аздым**,
Өлең түбін шешмадай күнде қаздым. (4-305 б.).

18. Сайрауға дәрменім жоқ, тұрмын қажып,
Ұзын түн ұйқы көрмей, жүдеп **азып**. (11-121 б.).
- Ары** // Жүдеп-жадау, арықтау. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, А., Ғылым, 1974, 356 б.
19. Алты күнде айналып барып келді,
Дәм татпай, ұйқы көрмей, **арып** келді. (3-109 б.).
- Ашаң** // Жұқалау, арықтау (Ашаң жүзді-аққұба өңді (кісі)). // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, А., Ғылым, 1974, 514 б.
20. Жағында жапырақ ет жоқ **ашаң** қудың
Сықырына неше түрлі көз жетпейді. (4-49 б.).
- Жара** // Баптау арқылы аттың етін таралту, шынықтыру. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 672 б.
21. [Бала жоғалтқан кемпір сөзі]
Дүниені кезіп қарадым,
Аш күзендей **жарадым**. (10-200 б.).
- Қатпа** // Арықша келген, жұқа, ілмиген. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6-том, А., Ғылым, 1982, 148 б.
22. Надан жұрт надандығымен қыздарын тұтқынлықта қалдырып, ас ішіп-жемейтін арық қылып, **қатпа** қылып өсіреді. (11-10 б.).
- Иін** // Иық. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 490 б.
23. Жауға айқайлап тигенде, // Оң **иініне** қонбады // Төрт мұқырраб періштен. (5-254 б.).
24. Көтерген ол төсекті және кейін,
Бас та жоқ, аяқ та жоқ, жалғыз **иін**. (11-267 б.).
- Ебдейсіз** // Ыңғайсыз, жөнсіз, сөлекет, ерсі. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 249 б.
25. Осы Малайсары заманында **ебдейсіз** ірі батырдың бірі есепті болған. (9-124 б.).
- Келбет**. // Түр, түс, кейіп, кескін. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 586 б.
26. Қолдары хор қызының сым күмістей,
Таларсың **келбетіне** көзің түспей. (13-57 б.).
- Тығыршықтай** // Топ- толық, жұп-жұмыр. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, А., Ғылым, 1986, 357 б.
27. Өзі шаршы ғана **тығыршықтай**, ұзыны мен көлденеңі бірдей жігіт екен. (13-131 б.).
- Қиыл** // Қиып қойғандай сұлу көріну. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6-том, А., Ғылым, 1982, 210 б.
28. Қараса, **қиылып** тұр қара қасы,
Толғанып оқ жыландай өрген шашы. (3-12 б.).

Түкси// Ашулы кейіп көрсету, қабағын қарс жабу.// Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, А., Ғылым, 1986, 328 б.

29. Ата-бабасының қаны қойдың қанындай ағып, алып берген жерінен үрім-бұтақ балалары көзінің жасын төге-төге қаңғып кете берді де, бет-аузы **түксиген**, басы қуықтай бүріскен... бір жұрт иесіз жатқан жердей иелене берді. (8-281 б.).

Құрсақ // Жан-жануарлардың асқазаны, қарыны. //Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6-том, А., Ғылым, 1982, 515 б.

30. Ауыздан ішілген асты **құрсақ** өзіне қарай тартып алып, төрт машина жан-жаққа жібермей, жинап, сақтап: бірі мидай араластырып қайнатып, бірі қаймағы мен тортасын айырып, бірі тортасын түп қарынға шығарып тастап, тұрып қалған таза қаймағы есептісін бауыр өзіне қарай тартып алады. (13- 76 б.).

Пісте // Ұшы сүйірленіп келген әдемі мұрын.// Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-том, А., Ғылым, 1985, 34 б.

31. Көрмеген мұндай жанды мұнан бұрын,
Нәркес көз, ғұнша ерін, **пісте** мұрын. (12-26 б.).

32. Ғұнша ерін, **пісте** мұрын, лұлу иек,

Қалмайды жүзін көрген пендеде арман! (13-118 б.).

Толық // Ет-жеңді келген, семіз. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, А., Ғылым, 1986, 186 б.

33. Омардан-Садуақас Ақшатау болысы болып жүріп, отыз жетісінде өлді. Бет біткеннің сұлуы, адамның **толығы**. (10-316 б.)

Сіңір // Дене мүшелерін байланыстырып тұратын ақшыл сары мықты зат.// Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-том, А., Ғылым, 1985, 514 б.

34. Көктерде Туабет, Кішире бар болса, адамда оның есебіне қанша саны жоқ **сіңірлер** бар. (11-26 б.).

Тамыр//Қан жүретін жол. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-том, А., Ғылым, 1985, 580 б.

35. Палакта үш жүз алпыс күннің орны есебінде адамда үш жүз алпыс қан **тамырлары** бар. (11-26 б.)

Қолаң //Қалың, жуан, ұзын, (шаш). //Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6-том, А., Ғылым, 1982, 292 б.

36. Жігіт [Боздақ]

Қайтті екен, Ақбала қыз, **қолаң** шашын,

Көрінген жабысыңқы қиғаш қасың?! (6-218 б.).

Қушық // Қушиған, тар, бүрісіңкі. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6-том, А., Ғылым, 1982, 409 б.

37. «Қарысып тігемін, сүйемін!..»- деп жүргенде, сендей шекесі **қушық**, сорайған жақтылар сілесі құрып, талып өледі!- депті. (6-95 б.).

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 23.07.12 ж. редакцияға түсті.

К.П. ЖУСУП, Н.К. ЖУСУПОВ

МАШХУР – ЖУСИП – МАСТЕР СЛОВА: ПОРТРЕТЫ ЧЕЛОВЕКА.

K.P. ZHUSIP, N.K. ZHUSIPOV

MASHHUR - ZHUSIP - A MASTER OF WORDS: THE PORTRAITS OF A HUMAN

Резюме

В статье рассматриваются особенности языка произведений Машхура – Жусипа.

Resume

This article discusses the features of the language of Mashkhur - Zhuship works.

ӘОЖ 398.224(574)

Қ.П. ЖҮСІП, Н.Қ. ЖҮСІПОВ МӘШХҮР–ЖҮСИП – СӨЗ ШЕБЕРІ: АДАМНЫҢ ТЕРІС СИПАТТАРЫ

Бұған дейін «Көркем сөздің құдіреті» кітабымызда (Павлодар, Павлодар университеті, 2000 ж., 5-286 б.) қазақ әдебиетін мектепте оқытуға арналған өзіндік зерттеу ойларымызды келтіре отырып, оқушылардың шығарма көркемдігін кең саралауы үшін қазақ жазушыларының тіл байлығын дәлелдеуге негізделген «Мектепте көркем шығарма тілін оқыту» деген тақырып (3-бөлім, 197-286 б.) ішінде қазақ тілі байлығын дәлелдеген қазақ ақын-жазушыларының тіл байлығын әспеттеген, негізінен алғанда, Қазан төңкерісінен (1917 ж.) кейін жазылған Б. Майлин, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Нұрпейісов т.с.с. жазушылары тілінен мысалдар келтірген болатынбыз. Атап айтқанда, ондағы «Мектепте «Абай жолы» тілін оқыту»- деген мақала бұған дейін республикалық «Қазақстан мектебі» журналының 1986 жылғы бірінші санындағы (40-45 б.) мәтін бойынша келтірілгенін еске аламыз. Онда қазақ тілі байлығын дәлелдеу үшін белгілі бір табиғат құбылысы, оның ішінде қар жаууы, аяз түрлеріне арналған: С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Ғ. Мүсірепов, Ә. Нұрпейісовтен, т.с.с. алынған мысалдар алдымен орын алып, ізінше М. Әуезовтің «Абай жолы» дәуірнамасындағы аяз түрлерін суық сипатына қарай (ең жылылау дегенінен ең қақаған түрлеріне дейін) көрсету жүзеге асқан еді. Көркем шығарма тілі байлығын дәлелдеуге арналған бұл мақалалар негізінен алғанда, 1917 жылдан

кейін кітап шығарған: М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Нұрпейісов т.с.с. қаламгерлер шығармаларынан алынып келсе, қазақтың белгілі ақыны Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1917 жылдан көп бұрын 20 томдық шығармалар жазғанын ескеріп, алдымен жол бастаушы ретінде Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілін танытуды мақсат еттік.

Адамның теріс сипатын ашарлық үлгілер

Аңғал// Істің алды-артын аңғармайтын, аңғырт.// Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, А., Ғылым, 1974, 271 б.

1. Бөгенбайдың тілін алып, [түсінгендер] қала беріпті де, **аңғалдары** төрелермен кете беріпті. (9-177 б.).

Арамза// Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, А., Ғылым, 1974, 311 б.

2. Ақырет сенсіз маған қызық емес,
Тілеуін **арамзаның** Құдай бермес. (3-179 б.).

Арсалаң// Еркелік, еркіндік. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, А., Ғылым, 1974, 340 б.

3. Оның өзінен әл кетіп, шаба алмай тұрып қалғанын сезбей жанында тұрған бір есерсоқ **арсалаң** қылышты жұлып алып, Кене ханды мойнынан шауып жібергенде Кенесары ханның басы да жерге түсті. Шапқан «батырдың» өзі де сылқ етіп құлай кетті дейді. (9-165-166 б.).

Арсыз// Адамгершілік қасиеті төмен, ұятсыз, абыройсыз. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, А., Ғылым, 1974, 341 б.

4. Жүзіқараның айтам, - деп, - **арсыздығын**,
Сияға былғамайын қалам малып. (4-173 б.).

5. Мына түріңмен, осы аптыңмен ұялмай, қалайша тіленшілік қылып жүрген **арсызсың!** (11-83 б.)

Әккі// Айлакер, қу, тәжірибелі. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, А., Ғылым, 1974, 601 б.

6. Кедейдің шықпайды өнер саяғынан,
Байлардың **әккі** болған таяғынан. (13-95 б.).

Әулекі// Өзін жөнді ұстай алмайтын, дарақы, даңғой, әумесер.// Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, А., Ғылым, 1974, 650 б.

7. Таз -**әулекі**, соқыр-әңгі. (11-160 б.).

Бақкүндес// Бәсекелес, бақталас. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2-том, А., Ғылым, 1974, 50 б.

8. Мұнымен замандас қырғыздың бір ханы Бөлтірікпен **бақкүндес** болып, қырғыздан пәлен шешен, түген шешен дегенді алдырып, айтыстыра беретін сықылды. (6-141 б.).

Бәтуәсыз// Тұрақсыз, табансыз. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2-том, А., Ғылым, 1974, 201 б.

9. «Олжаш би- дейді екен, -сөзі **бәтуәсыз**, берекесіз, өзі де оңбаған, арты да маз болмаған жан» -деседі. (6-177 б.).

Бекер// Босқа, текке, әншейін, жайдан-жай. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2-том, А., Ғылым, 1974, 236 б.

10. Болса да көзі соқыр, аузы кисық,
Еш адам оның сөзін демес **бекер**. (4-267 б.).

Бұрыс// Дұрыс емес, теріс, кисық. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2- том, А., Ғылым, 1976, 551 б.

11. – Сенікі дұрыс, менікі **бұрыс** екен, білмегендік, адасқандық екен!- деп... (8-47 б.).

12. Сонда бәйбішесі:

-Оның кепесін күйдірдіңіз ғой! Бірінікін- дұрыс, бірінікін **бұрыс** қылсайшы, сонда дау бітеді ғой!-... (8-232 б.).

Бықсық// 3. Ауыс. Бітіп болмайтын ұсақ, пасық сөз. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2-том, А., Ғылым, 1976, 581 б.

13. Кигіз бен ақшасына дамыл бермес
Шаруасын айналдырған **бықсық** байдың. (12-197 б.).

Даукес// Дау құмар, жанжалшыл. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 61 б.

14. Және татар болса, **даукес**, қажетшіл, іздегені жанжал болатындығына бір нақлия сөйлейді. (10-311 б.).

Долы// Ыза кернеген, булықпа, ызақор. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 3-150 б.

15. Көрдің бе, ұрғашылар, мына сөзді,
Дольдан, адам түгіл, Тәңірім безді. (2-298 б.).

16. Қатының **долы** болса,
Сүйегіңнің қалмас бүтіні. (11-166 б.).

Дүмше// Шала сауатты, жөнді білім алмаған, жетік емес. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 203 б.

17. Қазақты бұзып, харап қылғанда, **дүмше** молдалар бұзып, харап қылды. (11-73 б.).

Ерсі// Оғаш, өрескел, сиықсыз. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 3-405 б.

18. «Бұл жақта ондайды ырым қылмайды екен-ау!»- деп, бұрын өзіміздің жақта көрмеген нәрсеміз болған соң, бізге **ерсі** көрініп, соған күлдік, - дейді. (6-184 б.).

19. Жаслықтағы ересен біткен дәулетке **ерсі** жұмыс қылғандығын естіп, білгендер:

-Саған не қылса да, обал жоқ!- деп, таякпен түртіп кететұғын болды дейді. (8-207 б.).

Есалаң // Ақымақ, ақылы кем, есерсоқ, есуас. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 428 б.

20. Есі жоқ, **есалаң** бол, дүние жимай,

Қолға ұстаған дәнеңе жоқ, қалсын шимай! (4-138 б.).

21. Көлбай есер, **есаландықпен** бір аста Әлібектің үсті-басын майлай берген. (10-172 б.).

Есерсоқ // Ақымақ, әумесер, есірік. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 3-441 б.

22. **Есерсоқ** болмай, ер болмайды,

Есептен болмай, бай болмайды. (11-161 б.).

Жаңылшақ. // Көп жаңыла беретін. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 655 б.

23. ... «Жазуға сеніп, **жаңылшақ**, оқуға сеніп ұмытшақ»- болғандық па, көбі ойда жоқтай сезімді. (10-218 б.).

Жасық / 3. Ауыс. Жігерсіз, күйреуік, ынжық. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 725 б.

24. «Көңілсіз жұмыстан көтсіз бала туады». Көті жоқ бала бола ма? Қайратсыз, **жасық**, жаман туғанды айтады екен. (6-200 б.).

25. Оның да бөтегесінде дәнеме жоқтығы: өзі біреуге сүйенейін деп тұрған **жасық** жұрт ұстауға жарай ма?! (8-90 б.).

26. Боза ішіп дулағаннан басқа өнері аз, тұзсыз көже сықылды, көженің күшіне бітеді, **жасық** халық қой. (9-805 б.).

27. Асыл, **жасық** екенін білмесе де,

Шелекке тағу үшін біреу алар. (11-242 б.).

Жебірлік // Обырлық, озбырлық, жемқорлық. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 46 б.

28. [Бір әділ билікке шығарылған өлең]

Әділ бидің алдынан іс кетпейді,

Жебірлік нәпсі үшін не істетпейді? (6-195 б.).

Жылпың / Пысық, шапшаң, жылпос. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4- том, А., Ғылым, 1979, 294 б.

29. Зылиқа [келін] байғұс қандай **жылпың**, жылы-жұмсақ тамаққа тойғызып, күн борансымақтау ма немене: Өзіңіз жоқта ауыл-аймағыңыз малдан айрылып қалады ғой!- деп, атасын аттандырып жібереді: себебі Бәйтiкті оңаша күтіп алу үшін. (10-27 б.).

Кежірлік // Қыңыр, қисық, тоңмойын. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4- том, А., Ғылым, 1979, 548 б.

30. Не болсаң да, боларың әуел баста,

Кежірлікті керексіз қылып таста. (4-99 б.).

31. Бұрынғылар: «Кедейлік үш ағайынды болады!»- деген.

Үлкені-**кежірлік**, ортаншысы- еріншектік, кенжесі- ұйқы. (9-290 б.).

32. «Ата безер, ана безер, ұйқышы, жалқау, **кежірлер** әкесінің: «Тұр, малға бар, пәлен қыл, түген қыл!» - дегенінен тынышы кеткендер қашады екен. (11-128 б.).

33. **Кежірлік** деген бір пәле бар: кедей болатұғын кісінің желкесінде болады; ішетұғын асынан, алатұғын олжасынан құр қалдырады. (11-80 б.).

Керіскек // Салғыласа, ілігісе кететін, ұрысқақ. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4- том, А., Ғылым, 1979, 645 б.

34. Ұрысқақ болса, ұлың жау,

Керіскек болса, келін жау. (11-225 б.).

35. Қазақ мақалы: «**Керіскек** болса, келін жау».(11-297 б.).

Кесір // Кесепат, қырсық, қыңыр. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 5- том, А., Ғылым, 1980, 4 б.

36. Сондай **кесірден** сол дәулеттің аяғы мыж-тыж болып, ... естіп білгендер:

- Саған не қылса, обал жоқ!»- деп, таяқпен түртіп кететұғын болыпты. (8-205 б.).

Күпір // 2. Ауыс. Артық, шәлкес, теріс. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 5- том, А., Ғылым, 1980, 352 б.

37. [Кемпірбай Шөжеге]:

Ай, Шөже, жалған сөзің мін емес пе,

Бойыңа **күпір** мақтан сын емес пе?! (6-268 б.).

Қары // Қағылған-соғылған жаман адам: бұзық. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6- том, А., Ғылым, 1982, 112 б.

38. Қазақ мақалында айтады: «Өзі ұры жұрттың бәрін ұры дейді, өзі **қары** жұртты бәрін **қары** дейді»- деп. (13-345 б.).

Қасаң // 2. Ауыс. Қатал, қатаң, қатыгез, мейірімсіз. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6- том, А., Ғылым, 1982, 124 б.

39. Тәңірі алдында бар,-дейді-талай **қасаң**. (11-189 б.).

Қияңқы // Мінезі қыңыр, қырсық, кесірлі (адам). // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6- том, А., Ғылым, 1982, 231 б.

40. Ерке бала болып, қағусыз өскендіктен, **қияңқылықтан** бір қожаның басын қағып тастаған. (10-260 б.).

41. Онда Жаңабатыр би:

-Бердім сір сотқар **қияңқы** тентекті, атын Есен қой...- деген екен. (6-200 б.).

Қырқылжың // Егде тартқан мылжың, езбе адам. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7- том, А., Ғылым, 1983, 4 б.

42. Сонда ішінде қу сақал бір **қырқылжың**:

- Балалар, «Олжабай, Олжабай!»- деп, шаба көріндер!- депті. (9-122 б.).

Қыңыр // 3. Ауыс. Жөнсіздігіне қарамай, өз дегенінен қайтпайтын, бірбеткей, қарыспа, қикар. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6- том, А., Ғылым, 1982, 610 б.

43. «Байы бір **қыңыр**, қисық кісі екен», - деп, қайта береді екен. (9-254 б.).
44. [Күлікүлы Тілеуімбет] «Батырлықпен, билікпен, құнды-пұлдылықпен емес, қисық-**қыңырлықпен** аты шықты-ау!» - деп ойлаймын. (10-15 б.).
45. Қисайып құлап кетті **қыңыр** заман,
Бір қисайса, нәрсе жоқ мұнан жаман. (12-26 б.).
- Қырсық** // Айтқанға көнбеу, қыңырлану, қикарлану. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7- том, А., Ғылым, 1983, 10 б.
46. «Әр нәрседен құр қала беретұғыны- сол»- деген.-Біреудің ішінде бір **қырсықты** жан болса, соның **қырсығы** бәріне де сирайт қылады. (11-80-81 б.).
- Қырсықты** // Қырсығы мол. Өзінің айтқаны болмаса, басқаға көнбейтін, бір бет, қыңыр. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7- том, А., Ғылым, 1983, 10 б.
47. «Қылмысы жақпас **қырсықты** // Екі етегі су болып, // Бір жаратқан Тәңірге // Налып шығар!» - деп еді. (11-173-174 б.).
- Қырыс** // Қисық, қыңыр, қырсық. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7- том, А., Ғылым, 1983, 20 б.
48. Сонда оның [наданның] және **қырыс** болып тығылатұғын оқуы- «Нұсырып мантық» болады екен. (11-128 б.).
- Мәжнүн** // Есуас, жынды. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7- том, А., Ғылым, 1983, 156 б.
49. **Мәжнүн** болмаса, сәби болмаса, «Ғақыл балығы»- дейді. (11-69 б.).
- Менмен** // Өзінен басқаны менсінбейтін тәкаппар, өзімшіл, өр көкірек. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7 - том, А., Ғылым, 1983, 189 б.
50. «Заманақыр адамы
Менмен шығар»-деп еді. (11-174 б.).
- Меңіреу**. // 2. Ауыс. Мең-зең, дел-сал, мылқау, мәңгірген. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7 - том, А., Ғылым, 1983, 196 б.
51. Құдайдың берген борышын
Мойнындағы өтей алмай,
Меңіреу сияқты адам тұр. (6-89 б.).
52. Деп айттым: «Пайда қыл!» - деп бозбалаға,
Меңіреулер біреу түртпей қозғала ма? (13-308 б.).
- Мүләйім** // Сырт карағанда қулық-сұмдықтан ада, момақан, жуас, бейкүнә. (7-267 б.).
53. Мінезі-қызыл жібек, бек **мүләйім**,
Мархабат кәріптерге іші дайым. (2-137 б.).
- Нақұрыс** // Ақылынан адасқан, есалаң, жынды, жарымес. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7 - том, А., Ғылым, 1983, 313 б.
54. Балға-Зылиқаның әкесі, мінезі **нақырыстау** болған себептен айтқан. (12-198 б.).
- Осал** // Күші аз, әлсіз, мықты емес. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7 - том, А., Ғылым, 1983, 477 б.

55. Ақназардан соң Шығай хан болып, бұл аналардай мықты болмай, **осал** болады. (8-133 б.).
- Парықсыз** // Істің мән-жайын, жөн-жосығын, жақсы мен жаманның пайымын ажырата алмайтын оспадарсыз, парықсыз. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7 - том, А., Ғылым, 1983, 635 б.
56. Қарашаш өліп, Жиренше қартайып, ақылсыз әйел, **парықсыз** бала сыйламай, Жиреншеге бұзау бақтырып, тезек тергізіп қояды. (6-88 б.).
- Пасық** // Надан, топас, оңбаған, арам. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7 - том, А., Ғылым, 1983, 637 б.
57. Кейбіреу мейлінше болса **пасық**,
Өмір бойы құлшылықтан болса қашық,... (12-96 б.)
- Тағат** // Шыдам, төзім, сабыр. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8 - том, А., Ғылым, 1985, 529 б.
58. [Ұлбике Күдері қожаға]
Түбің қожа болғанмен, **тағатың** аз,
Сабырсыз жан иманға қосылмайды. (6-243 б.).
- Томырлықты** // [Томырық-бірден морт кететін, тік мінез, тұйық] // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9 - том, А., Ғылым, 1986, 194 б.
59. Оған жарамаса, **Томырлықты** тұнжырды алғанда, не оңамын?- деп, қыз көрерге екі жолдас ертіп, ел қыдырып жүргенде, елсіз далада үш жолаушы кез болыпты. (6-95 б.).
- Тұнжыр** // Қабақ ашпау, түнеру. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9 - том, А., Ғылым, 1986, 276 б.
60. Боз қасқанды айтсаң да, дауа болмас,
Томырлықты **тұнжырға** болсаң душар. (1-160 б.).
- Томырлықты, **тұнжыр** ма? Қалай езу тартып, ыржиып күлуді білмейді? (6-103 б.).
- Тымырсық** // 2. Ауыс. Сыр ашпайтын, сөйлемейтін. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9 - том, А., Ғылым, 1986, 365 б.
- Кімді көрсен, теректей құр қақиған,
Тымырсық тас болуға бек ұнап құп. (12-214 б.).
- Тілемсек** // Біреуге емінген сұрамсақ, сұраншақ, тіленшек. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9 - том, А., Ғылым, 1986, 410 б.
- Кетірме **тілемсек** боп бастың сыйын,
Дүниені олжа көріп бірер тиын. (4-115 б.).
- Шағыр** // Мінезі жаман, шәлкем-шалыс. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 10 - том, А., Ғылым, 1986, 85 б.
- Лұбайдтай болдым **шағыр** заманымда,
Тапталған сендей талай табанымда.
[Ғалы Күзембайұлына Мәшһүр-Жүсіп жауабы]. (13-105 б.).

Шатақ // Шиеленіскен дау, жанжал. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 10 - том, А., Ғылым, 1986, 162б.

«Қой, пайғамбар әулеті мұндай болмас, мынаның затында, түбі-тегінде бір **шатақ** бар шығар!» -деп, ақын бардай зерттеп қағыстырып сұрастыра келсең, түпсі-тексіз әлденеме болып шықты. (8-215 б.).

Шолжың. / Бетімен жіберілген, ерке-тотай. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 10 - том, А., Ғылым, 1986, 249 б.

66. Үшата-Қозған-Тіней-Мақанның Тінейі өзі сақау еді, бір қызы өзіне тартып, сақау болыпты. Өзі ерке-**шолжың** болыпты. (6-107 б.).

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 23.07.12 ж. редакцияға түсті.

К.П. ЖУСУП, Н.К. ЖУСУПОВ
МАШХУР–ЖУСИП – МАСТЕР СЛОВА: ОТРИЦАТЕЛЬНЫЕ
КАЧЕСТВА ЧЕЛОВЕКА
K.P. ZHUSIP, N.K. ZHUSIPOV
MASHHUR-ZHUSIP - A MASTER OF WORDS: THE NEGATIVE HU-
MAN QUALITIES

Резюме

*В статье рассматриваются особенности языка произведений
Машхура – Жусипа.*

Resume

*This article discusses the features of the language of Mashkhur -
Zhusip works.*

ЭОЖ 82-1 (574)

Қ.П. ЖҮСІП А.С. ТӨЛЕУБАЕВА МӘШХҮР ЖҮСІП ПОЭТИКАСЫ (АУДАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында болған әйгілі ақын, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы қазіргі кезде жан-жақты зерттеліп, қолға алынып жатыр. Таптық көзқарас пен партияның солақай саясаты салдарынан араға бір ғасырға жуық уақыт салып қайта оралған М.Ж. Көпеев шығармалары толық зерттелмеді. Көп қырлы тұлғаның

теңдессіз мұрасына деген қызығушылық басқа халықтардың ақын өмірі мен шығармашылығын танып-білуге деген ынтасы арта түскенін көрсетеді. Сол себепті Мәшһүр Жүсіп өмірі мен шығармашылығымен жете танысуы уақыт талабына айналып отыр. Алайда, бұл тек оның шығармаларын орыс және басқа әлем тілдеріне аудармасы арқылы ғана мүмкін.

М.Ж. Көпейұлының шығармаларына тыйым салынғанмен, қазақ халқы етене таныс болмаса да, жеке туындыларын оқу мүмкіндігіне ие болды. Орыс халқы шынтуайтқа келгенде, оның шығармашылығымен таныс болмады. Тек В. Голубева [1] орыс тіліне аударған «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өлеңі алғаш рет 1940 жылы «Песни степей» антологиясында жарық көрді. Кейін 1978 жылы Ленинград қаласында басылып шыққан «Поэты Казахстана» жинағында Владимир Цыбин [2] тәржімелеген «Шайтанның саудасы»-«Чертов торг» туындысы жарияланды.

С. Дәуітов, У. Қалижан, Н. Сағындықова, Д. Қамзабекұлы, Н. Нұрғали, С. Қасқабасов сынды атақты әдебиеттанушы ғалымдар Мәшһүр Жүсіптің әдеби мұрасы бүкіләлемдік мәдениет игілігі атануы тиіс, шығармаларының ұлттық шектеулерде ғана зерттелінуі қайта оралған әдебиетіміздің алғашқы кезеңінде ақталды, оған қоса оның поэтикасын осы уақытқа дейін жасалған аудармалары бойынша зерттеу жұмыстары қолға алынуы керек деп есептейді.

Мәшһүр Жүсіп поэзиясын алғаш орыс тіліне тәржімелеу талпыныстарына қарап, оның басқа тілде қайта түлеп шығуы қиынға соғатынын байқауға болады. Аудармаларға жасалған талдау оның қабылдау және қайта жаңғыртудағы қиыншылықтарын айқындаса да, қос тілді аудармашылардың жаңа толқыны ақынның тылсым әлеміне терең бойлап, ұлылығын уақыт және кеңістік аралығында таныта алады деген үміт жоқ емес.

Әдеби туынды ерекшеліктері және оны аудару мәселелері көркем аударма теориясы мен тәжірибесінде қиын әрі маңызды сұрақтардың бірі болып саналады. Мәшһүр Жүсіп поэтикасының көркем-стильдік ерекшелігін зерделей келе, осы аталмыш қиыншылықтарға тап болдық. XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы ақындар арасынан Мәшһүр Жүсіп әдеби мұрасы ұлттық өзгешеліктің айрықша таңбасы және шығыс өлең құрылысы, стиль ерекшелігі жинақылығымен тұлғаланады, әрине бұл оның шығармаларын орыс тіліне аударуды қиындата түспек.

Түпнұсқа стилін жаңғырту барысында қазақ және орыс өлең жүйесінің әр түрлілігімен ерекшеленетін өлең ырғағын, екпінін, синтаксисын, әуезділігін, құрылымын беру қиын мәселеге айналды. Бірақ кез келген халықтың поэзиясының өлең құрылымы қандай жүйеге қатысы болмасын, буынға негізделеді. Айырмашылық тек буынның қалай пайдалануында ғана, мысалы, силлабо-тоникалық өлең жүйесінде бірінші қатарға екпінділік пен екпінсіздік, ал силлабикалық өлең жүйесінде барлық буындар оның ұзақтығы мен қысқалығына, екпінділігі немесе екпінсіздігіне қарамай есепке алынады.

Жалпы қазақ әдебиеттану және аударматану ғылымындағы поэтика (аудармалар бойынша) мәселесі арнайы зерттелмесе де, әр кезде жеке айтылған пікірлер, ішінара сөз болып келгені мәлім. Поэтика, негізінен, көркем шығарманың құрылысы және оның бейнелеуіш, көркемдегіш құралдарының эстетикалық жүйесі. Орыс әдебиеттану ғылымында көркем шығарма поэтикасы тіралы біртұтас ілім жасаған ғалым А. Потебня: «Тіл – адамдардың қатынас құралы, көркемдік-эстетикалық құбылыс болғанымен, ол құрамдас үш бөліктен тұрады: сыртқы түр, ішкі түр, мағына. Сыртқы түр – сөздің дыбыстық, үндік жамылғышы, ішкі пішін – сөздің ең жақын этимологиялық мәні, мағына – оның жалпы мазмұны» [3, 22 б], - деп анықтама береді. Филолог Г.О. Винокур: «Тіл қарым-қатынас құралы болумен қатар, ол күрделілене келе поэтикалық сапаға ауысады» [4, 16 б], - дейді. Сонымен поэтиканың негізгі қарастыратын нысаны – жазушының не ақынның көркем шығармасындағы идеялық концепциясы мен оның шығармашылық лабораториясында пайдаланған әдіс-тәсілдерінің жүйесі, диалектикалық бірлігі мен байланысы болып табылады. Ал В. Жирмунский поэтиканың ауқымын өте кең ала отырып былай анықтама береді: «...шын мәніде көркем шығарманың құрылымында барлық амал-тәсілдер бір-біріне ықпал етіп, бір көркемдік мақсатқа бағындырылады. Поэтикалық шығармада осы тәсілдердің бірлігін біз «стиль» дейміз» [5, 35 б]. Поэтиканың негізгі компоненті стиль туралы В.В. Виноградов: «Поэтикаға стиль деген ұғымның енгізілуімен, осы ғылымның басты ерекшелігі: материал, тәсіл, стиль деп толыққанды ұғуға болады» [6, 166 б], - дей келе, ғалым көркем шығарманың поэтикасын тіл біліміне де, әдебиет теориясына да қатысты екенін айтып, олардың ара жігін айқындайды.

Қазақ әдебиетіндегі поэтика мен стиль мәселелеріне анықтама берген ғалым, академик Р. Нұрғали: «...әдеби ұғымдағы стиль, ең алдымен, эстетикалық категория... Стиль жазушының авторлық мұратымен, эстетикалық идеалымен жанды түрде байланысып жатыр. Өйткені, көркемдік процесте механикалық сипат жоқ» дейді [7, 207 б]. Ал, профессор М. Хамзин: «...стиль дегеніміз – өмірдегі таңдап алған белгілі бір құбылысты, белгілі бір жайтты оқырманға ұсынарда қаламгердің тек өзіне ғана тән жазу машығы, жазу мәнері, ол сол жазушының ақыл-ой, сана, дүниетанымымен тығыз байланысты болып келеді дегеніміз де дұрыс сияқты» [8, 20 б], - деп түйіндейді.

Ақын-жазушы стилін құрайтын компоненттердің бірі-тақырып таңдау [9, 84 б]. Мәшһүр Жүсіптің біздің назарымыздағы өлеңдерінің атаулары-«Шайтанның саудасы», «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми», «Соқыр, саңырау және жалаңаш» мен көтерген тақырыптары өзгеше екеніне көз жеткіземіз. Атауына қарап, оқырман қауымның оқуға деген ынтасы оянатынына сеніміміз мол. Оқыған сәтте көптеген мәселелерге қанық бола тұрып, ақынның шеберлігіне бас иеді.

Бұл өлеңдер философия, дін мен мифті біріктіре отырып, адам жанын терең түсінумен, оның нәзік те тылсым сырларын ашумен ерекшеленеді. Мәшһүр Жүсіп стиліндегі басты ерекшеліктерін оның поэзиядағы жаңашылдығы, азаматтық пафосы, серпінділігі, астарлы сөздің соншалықты табиғилығы, қарапайымдылығы, нақтылығы мен ұғымға жеңіл, айқын, дәлдігі деп білеміз.

«... «Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы» да- қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алатын туынды. Мәшһүр Жүсіп мұнда адам сезімін, көзқарасын күрделі, қайшылығы мол қалпында көрсетуге ден қояды. Бір адамның әрі басқаның кемшілігін байқағыш екені, әрі өзіне керек істі мүлде көрмейтіні, қайшылығы нақты ашылған. Шартты түрде «соқыр» деп алынған ол құмырсқадай ұсақ заттарды көргіш те, одан ірірек нәрсе, жан-жануар атаулыны мүлдем көрмейтін болып алынған. Бір адамның бір затқа ересен қырағы бола тұра, екіншісін мүлде көрмеуі оқырманға көп ой салғандай. Шартты түрде «саңырау» деп аталған екінші адам болса, ол қатты шыққан дыбыс атаулыны мүлде қабылдамайды да, өте бәсең үнді, сыбырды, «құлақтыдан» бұрын естіп қояды. Ақын өлең аяғында «саңырау» дегені- «бәрін өзім білдім» деп, ұзақ ойға салынған, «өз жанының пайдасын» естімейтін адам екенін айтады. Ақын шартты түрде «жалаңаш» деп аталған үшінші адам арқылы өмірінің өткініші, қысқа екенін ұмытып, ойға алғанының бәрін тындырдым деп, бос жүрген жандарды сынайды. Бұл өлең де ақынның қайшылық сипаттарды кең қамтып, адам сырын тереңдете ашу бағытындағы елеулі жетістігі. Бұл Мәшһүр Жүсіптің ғана емес, ХХ ғасыр басында қазақ жазба әдебиетінің елеулі табысы» [10, 97-98 б].

Қуандық Пазылұлы «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» монографиясында: «Әлем әдебиетінде қоғамды жайлаған келеңсіздіктерді жинақтап көрсетіп, шенеу үшін шартты сюжет үлгісі қолданылып келгені мәлім. Соның бір көрінісі - қазақ ақыны Мәшһүр Жүсіптің ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде жазған «Шайтанның саудасы» өлеңі. Расында, шайтанның базарға барып сауда жасауы, дерексіз ұғым: зорлық, алдау, күншілдік, тәкаппарлықты белгілі бір бұйым тәрізді тез сатуы т.т. - бәрі өмірде болмайтын шартты әрекеттер жемісі. Шығарма басындағы Ғайса пайғамбардың: «Жұрт барса, тері, терсек, жүн сатады, // Сататын малғұн сенің не пұлың бар?» - деп шайтанға сауал қоюы өмірде іске асуы ықтимал, шындыққа сай алынған сөз қолданысын танытады. Ал шайтан жауабы - шарттылық айнасы:

- Артқаным бір есекке ылғи жалған,

Жалғанда өтірік жоқ мұнан қалған.

Нанбасаң еріп бірге көзіңмен көр,

Базарға қызығымды қалай салған.

Жүгім бар бір есекке мікір-хайла,

Мұнымнан келтіремін үлкен пайда

Бір тиыннан он тиын пайда аламын,
 Көптің басы қосылған жиын жайда.
 Күншілдік бір есекке тиеп артқан.
 Жібек, кендір арқанмен буып тартқан.
 Базарға мұнан бұрын көп барғанмын,
 Жерім жоқ бұл сауалдан залал тартқан.
 Артқаным бір есекке өңкей зорлық.
 Есепсіз мал табамын қылмай ұрлық.
 Мен алмай оның малын кім алады,
 Иттер бар көріп жүрген малдан қорлық.
 Пайдасыз бос орынға жүрмеймін тек,
 Көрінген бір жерім жоқ ешкімге жек.
 Мастанып артқандықтан тәкаппарлық,
 Жүре алмай бара жатыр мынау есек.

Көріп отырғанымыздай, «бір есекке ылғи жалған» арту, сөзбе-сөз ұғынсақ, мүмкін емес. Себебі «жалған»- көзбен байқап, қолмен көтеруге келмейтін дерексіз ұғым. Ал, сол дерексізді бір есекке жүк ретінде артудың өзі оны заттандыру, бір жануар көтеруіне лайық салмақ мөлшерін межелеу белгісі. Сондай-ақ екінші бір есектегі жүктің, күншілдіктің, белгілі бір көлемге ие болғаны сондай, ол «жібек, кендір арқанмен буып тартқан» күйінде өрнектелген. Сонымен қатар келесі бір жүктің, заттанған тәкаппарлықтың, ауырлығы соншалық, оны артқан есек «жүре алмай бара» жатады. Мұның бәрі қазақ даласын жайлаған: жалғандық, күншілдік, зорлық, тәкаппарлық, ашкөздіктің т.т. қаншалық екенін айқын көріп, өлшерлік қалыпқа заттандыруға көшіру арқылы белгілі бір салмақ, көлемдік дарытып әсерлі ағаттықтарды сол қалпында алмай, бәрін оқшау орта, ерекше әрекет, шартты сюжет көмегімен бейнелеу ақынның суреттеу құралдарының байлығын танытады [10, 98-100 б].

Түпнұсқадағы барлық стиль ерекшелігі сақталмай қалатын тәржімеге куә болатынымыз өкінішті:

«Первого я ишака нагрузил обманом,
 Сплетни все я подобрал, повязал арканом
 И везу их на базар, чтоб продать дороже,
 Распродам- домой вернусь не с пустым карманом [2, 315-316 б].
 Монолог Черта:
 - На осле одном везу я ложь,
 Ложь лучшую в мире сплошь.
 Следуй за мной, увидишь, как я играя,
 Народ базарный, на дурака разыграю [11, 18 б].

На второго ишака зависть погрузил я,
 Конопляной бечевою я связал ей крылья.

Нет, вреда я не имел от такой торговли,
 Чтобы зависть мне продать, не нужны усилья [2, 316 б].

Идеологиялық қағидалармен қабыспауына байланысты ол кезде діни сипаттағы Мәшһүр Жүсіптің шығармалары жарияланған жоқ, сондықтан тәржіметану тұрғысынан талданған да жоқ. Оның ішінде «Шайтанның саудасы», «Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңдеріндегі мұсылмандық шығыс әдебиетіне тән ізгі жолға кереғар ұғымдарды жинақтап бейнелеу аудармада басқа сипат алғанын жоғарыда дәлелдеуге тырысқанымызды айта кеткеніміз жөн.

Тек әр жылдары жасалған аудармалар оның негізгі идеясын жете түсінбей, сарқыншақтарын бергендей әсер қалдыратыны қынжыларлық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Песни степей. Антология казахской литературы. / Под редакцией Л. Соболева. - Москва: Художественная литература, 1940. – С.587.
- 2 Поэты Казахстана. Вступительная статья, составление, биографические справки и примечания М. Магауина.- Москва: Советский писатель, 1978. - С. 608.
- 3 Потебня А. Теоретическая поэтика. Москва: Высшая школа, 1990. -С. 342.
- 4 Винокур Г. Филологические исследования. Москва: Наука, 1990. - С. 447.
- 5 Жирмунский В. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. Ленинград: Наука, 1977. - С. 404.
- 6 Виноградов В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. - Москва: АН СССР. 1963. - С. 380.
- 7 Нұрғали Р. Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму. - Алматы: Жазушы, 1986. - 368 Б.
- 8 Хамзин М. Қазіргі қазақ романы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001. -197 Б.
- 9 Стиль сыры.- Алматы: Ғылым, 1974. - 336 Б.
- 10 Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Монография. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. - 442 Б.
- 11 Канапьянов К.Н. Избранное. Перевод с казахского М.Ж. Копеева 1 том.-Павлодар, 2006. - С. 97.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
 Павлодар қ. Материал 2.07.12 ж. редакцияға түсті.

К.П. ЖУСИП, А.С. ТОЛЕУБАЕВА
 ПОЭТИКА МАШХУР ЖУСУПА (ПО ПЕРЕВОДАМ)

K.P. ZHUSIP, A.S. TOLEUBAEVA
THE POETICS OF MASHKHUR ZHUSIP (IN TRANSLATIONS)

Резюме

В статье рассматриваются основные проблемы поэтики Машихур Жусипа (по переводам) и раскрываются их суть. Дается обзор и анализ данного исследования.

Resume

In this article the principal problems of the Mashkhur Zhusip's poetics (in translations) are considered and the essence of this theme is opened. The review and analysis of the problems are given.

ӘОЖ 316:314.3

Қ.Б. КҮДЕРИНОВА
ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ӘЛІПБИИ МЕН ОРФОГРАФИЯСЫН
ЖӘНЕ ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАЛАРЫН
БІРДЕЙЛЕСТІРУДІҢ МАҢЫЗЫ

2009 ж. 3 қазанда Әзірбайжан Республикасының Нахчыван қаласында өткен түркітілдес мемлекеттер басшыларының тоғызыншы Саммитінде ҚР Президенті Н. Назарбаев Қазақстанда түркілердің дүниесін зерттейтін халықаралық ғылыми орталық құру туралы ұсыныс жасағаннан кейін 2010 жылы 25 мамырда Астана қаласында Түркі академиясы ашылды. Академияның құрылуындағы басты мақсат:

- көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі түркі әлемі тарихына, тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне тән заңдылықтар мен динамиканы, тарихи оқиғалар мен өзгерістерді және ондағы тұлға мен адам факторын, әсіресе түркі мемлекеттерінің әлемдік өркениеттегі орны мен ерекше үлгісін төлтума деректер негізінде ашу;

- түркілер мұрасын қазіргі жас ұрпақтың санасы мен дүниетанымына сіңіру;

- дүниежүзіндегі түркілерге қатысты мәліметтер мен ғылыми зерттеулерді қазіргі электрондық ақпараттар жүйесіне түсіру, топтастыру, сөйтіп іргелі ізденістерге жағдай жасау;

- түркі халықтары арасында ынтымақ идеясын ұстанып, тіл, әдебиет, тарих, мәдениет туыстығы мен ортақтығын ғылыми ізденістің өзегіне айналдыру;

- және түркі халықтарына ортақ жазу, емле мәселелерін көтеру, жасау.

Сөйтіп, Түркі академиясы тіл, тарих, әдебиет, заң саласында бірнеше ғылыми зерттеу тақырыптарымен айналысып кетті. Алдыңғы нәтижелер жаман емес.

Сондай ғылыми жобаның біреуі – жалпытүркілік жазу: графика, алфавит, орфография және транскрипция мәселелері. Географиялық, саяси, экономикалық жағынан араласымдығы бар тілдер қырғыз, өзбек, түрік, әзербайжан, қарақалпақ, қазақ тілдеріне ортақ графика пайдалану арқылы қарым-қатынасты жеңілдету түсіністікке біршама жақындататын ортақ әліпби және орфография жасау зерттеудің негізгі мақсаты болып табылды. Ол үшін алдымен осы аталған тілдердің қыпшақ, оғызтілді топқа жатуына қарамастан дыбыстық жүйесін, фонемалар құрамын, инвариант фонема мен оның дыбыс қорын инвентарлау, түгендеу қажеттілігі шығады. Әр тілдің қазіргі қолданыстағы әліпби құрамына назар аудару арқылы сол тілдің инвариант фонемалар санын анықтаймыз. Әріп – фонема – дыбыс – вариант, вариация қатынасын көрсетеміз. Сонда әріптің фонеманы ма, әлде дыбысты ма, болмаса дыбыс тіркесін бе, сондай-ақ кірме-дыбыс әріпті ме немесе дыбыстық мәні жоқ графикалық таңбаны таңбалады ма, осы қызметі айқындалады. Бұл әр тілге жеке-жеке жасалады.

Қазақ тіліндегі инвариант фонемалардың дыбыс қоры профессорлар Әлімхан Жүнісбектің, Нұргелді Уәлидің және зерттеушілер Зәуре Баданбекованың, Құралай Күдеринаның зерттеулерінде және 2005 жылы жарқ көрген «Қазақ тілі орфоэпиялық сөздігінде» көрсетілді.

Әрине аталған тақырыпқа қатысты қырғыз тілінде Тошполат Садықовтың және өзбек, әзербайжан, қарақалпақ, татар, башқұрт тілдерінде зерттеулер бар. Бірақ біздерді аталған тілдердің соңғы уақыттағы ғылыми айналымға түсе қоймаған жаңа бағыттағы зерттеу тақырыптары қызықтырады. Бұл әрине, қолжетімді емес. Біз алдымен, қазақ тілінде жасалған фонетикалық терминдер сөздігін ұсынамыз. Фонетикалық терминдерді бірегейлендіру – түркітанымдық зерттеулерге жеңілдік әкелері сөзсіз.

Және қазақ тілі дыбыстарының профессор Әлімхан Жүнісбек жасаған айтылым (артикуляциялық) базасының үлгісіне назар аудартқымыз келеді. Осы үлгіні негіз етіп, түркі тілдерінің артикуляциялық базасын ортақтасып жасауды ұсынамыз. Түркі және қазақ тілдерінің үндесім сипатын осы база арқылы анықтап, оғыз және қыпшақ тілдеріндегі сингармонизм заңдылығының дамуын көрсету де - зерттеуіміздің бір мақсаты.

Сондықтан фонетикалық, фонологиялық, сингармониялық белгілер негізінде тілдерді топтастыра отырып, қазіргі латын графикасы және кирил графикасы негізіндегі әліпбилерді бірегейлендіру үшін бізге түркі тілдері бойынша мынадай мәліметтер қажет:

- өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, құмық, қарашай, ноғай, саха тілдеріндегі фонема, дыбыс саны, фонемалардың варианттары мен вариациялары;

- өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, құмық, қарашай, ноғай, саха тілдеріндегі дыбыстардың фонетикалық белгілері;

- өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, құмық, қарашай, ноғай, саха тілдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың толық жасалым жүйесі;
 - өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, құмық, қарашай, ноғай, саха тілдеріндегі дыбыстарды жасайтын сөйлеу мүшелерінің орны;
 - өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, құмық, қарашай, ноғай, саха тілдеріндегі орфографияның негізгі ұстанымы (орфографиялық принцип);
 - қазіргі өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, құмық, қарашай, ноғай, саха тілдеріндегі емледегі шешілмеген проблемалар;
 - қазіргі өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, құмық, қарашай, ноғай, саха тілдері әліпбилерінің әріп таңбаларындағы жетілдіретін тұстар;
 - өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, құмық, қарашай, ноғай, саха тілдері әліпбиіндегі төл дыбыс және кірме дыбыс әріптері; дыбыс тіркесін таңбалайтын әріп.

Осы сауалдарға толық мәлімет алынған кезде өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, құмық, қарашай, ноғай, саха тілдерінің әліпбилеріндегі сәйкес түсетін әріптер, әртүрлі дыбысты бір әріппен белгілейтін таңбалар, бір фонеманы әртүрлі графемамен белгілейтін әріптер екшеледі. Сөйтіп, айырма кесте жасалады. Түрік тілінің мәліметі бойынша әзербайжан, түрікмен және өзбек, ұйғыр тілдерінің сондай-ақ қазақ, қарақалпақ, башқұрт әрі қырғыз тілінің мәліметтері салыстырылады. Сөйтіп, түркі тілдерінің әліпбилеріндегі алшақтықтарды жақындастырудың жолдары қарастырылmaq. Сонда жалпытүркілік әліпби нобайы да жасалады. Және графикалық айырмашылықтарды ұлғайта бермеу үшін латын жазуына әлі өте қоймаған қырғыз, қазақ, татар, қарақалпақ, тілдеріне ортақ жалпытүркілік жазу жүйесінің мүмкіндігі болмақ.

Түркі тілдеріне ортақ типтік орфографиялық ережелердің болуы да жөн. Мысалы, Кеңес дәуірі кезінде, біздер, одақ құрамындағы түркі халықтары, орыс орфографиясы негізінде емле ережесін ұстандық. Ол, бір жағынан, өзге тілдің заңдылығын зорлықпен таңу болғанмен, түркі тілдерінің өздері үшін ортақ ереже бойынша жазба коммуникацияны жеңілдетіп алғанымыз шындық. Сондықтан, біздің ойымызша, тағы да аталған тілдер арасында ортақ емле ережелерін екшеуге мүмкіндік бар. Оған әр жазудағы ғылыми негізі уәжді ережелерді басшылыққа алуды ұсынар едік. Мысалы, қазақ орфографиясында бүгінде сөздерді бірге, бөлек, дефиспен жазу; бас әріптің қолданылуы, *ә* әрпін екінші буынға жазу емлесі, *ы, і* әріптерінің сөз ортасында жазылуы, *х, һ* әріптерінің қолданылуы қиындық тудырып отыр. Бұлардың арасында сөздердің бірге, бөлек жазылуы біршама шешімін тауып келеді. Осы қатардың емлесі туралы түрік орфографиясының негіздерін таразылағымыз келеді. Сөйтіп, әр тілдегі орфография негіздерін салыстыру арқылы емле проблемаларынан арылудың жолдары шығады.

Қазақ орфографиясында сөздердің бірге/бөлек жазылуы қай графикада да шешілуі қиын мәселе болып келді. Араб жазуы кезінде А. Байтұрсынұлы

бірыңғай жуан не жіңішке айтылған, бір зат не ұғым атауын бірге жазуды, ал үндесім заңына бағынбайтын сөздерді бір зат атауы болғанына қарамастан дефис арқылы жазуды ұсынған еді. Бұл емлеге біраз жеңілдік әкелген еді. Кейін 1929 жылы латын жазуына көшкенде Е. Омаров, Қ. Кеменгерұлы т.б. сөздерді бірге жазуды қалыптастыра бастады. Орыс жазуына да көшкенде 1941 жылғы алғашқы емле сөздігінде біріккен сөздердің қатары көп болды. Бүгінгі орфографияда бөлек таңбаланып келе жатқан сөздер бірге жазылды. Бірақ 1953 жылы алғашқы қазақ орфографиясының негізгі емле ережелері қабылданған тұстан бастап және 1963 жылы жарық көрген толық орфографиялық сөздіктен бері сөздерді бөлек жазу үрдісі күшейді. БАҚ-та бірге таңбаланып жүрген сөздер сынға алынды. Алайда емле сөздігінің әр басылымында бірге жазылатын сөздер көбейе берді. Олар мынадай әдістермен бірікті. Қазақ тілінде осы кезге дейін формалды белгі арқылы сөздердің бөлек / бірге жазылуын анықтайтын әдіс болмаған еді. Оны алғаш ұсынған профессор Нұргелді Уәли болды. Профессордың айтуы бойынша біз біріктіретін әдісті ұластыруыштар мен құрастыруыштар деген екі топқа жіктедік. Сонда қазақ жазуында мына жұрнақтар ұластыруыштар болып табылады: **лық, -қыш, -ар, -қы, -лар**. Яғни осы жұрнақтармен келген сөздерді жазарман ойсыз бірге жаза алады.

Ал **хана** (40), **ара** (21), **аралық** (19), **басы** (10), **құмар** (33), **тану** (23) және **хат** (14), **қап** (17), **белгі, гүл** (41), **бау** (19), **шөп** (68), **ақы** (15), **жай** (17), **жегі** (19), **тікен** (17), **жапырақ** (25), **тамыр** (13) сөздері құрастыруыштар болып табылады. Сөйтіп, бүгінде біздер осы сынарлармен келген сөздерді бірге жаза аламыз.

Бірақ бұнымен бірге, бөлек жазылатын сөздердің емлесі шешіле қойған жоқ. *Ат қора, ағаш соқа, мойын омыртқа, азу тіс, ағаш аяқ, ағаш төсек* сияқты сөздер «ат тұратын қора», «ағаштан жасалған соқа» «мойынның омыртқасы», «азудағы тіс», «ағаштан жасалған аяқ» деп сөз тіркесіне ажыратыла алатындықтан бөлек таңбаланып келеді. Бірақ бұл қатар бірге жазылуы тиіс.

Жалпы қазақ жазуында, қазақ тіл білімінде сөздерді бірге таңбалаудан, бірге жазып қоюдан «қашатын», «қорқатын», «мәдениетсіздікке санайтын» көзқарас бар. Ол неден, қайдан басталды?

Біздің ойымызша, ол ең алдымен қазақ тілінің жалғамалық сипатына байланысты. Екінші, түркі тілдеріне тән изафеттік тіркестер бөлек таңбалану керек деген қағида болды. Ол изафеттің I, II түрінен III-түрінің дамитынын және айырмашылығын көрсету үшін қажет болды. Жалпы тіл білімінде тұрақты тіркестер ажыратылып таңбаланады деген қағида болды. Ол коннотатив мағыналы сөздердің экспрессивтік қызметін күшейту үшін қолданылған еді және ауыспалы мағыналы сөз денотатив мағыналы сөзге қосымша, поэтикалық, эмоциялық мән-мағына үстеп тұрады деген түсінік

болды. Коннотатив мағынасы ғана бар бір зат, не ұғымның атауы болмайды деген көзқарас басымдық танытты.

Төртінші, қазақ тіліндегі біріккен сөздер орыс тіліндегі жазылуына қарап анықталды. Мысалы, орыс тілінде *головной убор* бөлек жазылғандықтан қазақ тілінде де *бас киім* бөлек таңбаланды. Бесінші, кейбір құрама сөздерді біріктіргенде сөз құрамы танылмай, буынға бөліну өзгеріп кететін болды. Мысалы, *ақ аю*, *ақ от* сияқты сөздер БС-ның барлық белгілеріне ие болып тұрса да, *ақаяу*, *ақот* деп жазуға келмеді. Міне, осындай себептер қазақ тіліндегі БС қатарын шектеп отырды. Дегенмен, бірге жазуға болатын сөз қатары әлі де бар. Мұндай проблема түркі тілдерінің барлығында бар сияқты, менінше, осы мәселені ортақтасып шешуге болады.

Сондай-ақ өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, құмық, қарашай, ноғай, саха әдеби тілдерінің орфоэпиялық нормасының заңдылықтары қажет. Ондағы жалпы үндесім, ерін үндесім мен тіл үндесімінің дамуында және ықпал сипатында соңғы уақытта әсіресе сөйлеу тілінің әсерінен орын алған өзгерістер қандай және ол өзгерістерді өз түркі тілдерінен алынатын мәліметтермен салыстыру арқылы жалпытүркілік орфоэпияның өзгеру сипаты қай ағытта деген сауалдардың жауабын аламыз. Оның үстіне түрік және қазақ тілдерінің орфографиялық нормасы мен орфоэпиялық нормасының сәйкес түсетін және түспейтін жақтарын айқындап, қайшылықтарды көрсету де зерттеудің бір мақсаты. Дауыстылардың айқын, созылыққы, өшіңкі, түсіріліп айтылатын тұстарын айқындау жалпытүркілік фонетика үшін маңызды.

Енді бір үлкен мәселе – бұл түркі тілдерінің фонологиялық транскрипциясын қабылдау. Түркі тілдерінің фонологиялық транскрипциясы - түркі тектес елдерге тарайтын журналдар мен газеттердің оқылуын жеңілдетеді; түркі халықтарының тілдерін оқып-үйренуді оңайлатады. Бүгінде біздер, түркі халықтары, екі түрлі графикадағы әліпбиді қолданатындықтан (латын және кирил) және ең сорақысы бір графикада «отырып» әртүрлі құрамда әліпби қабылдағандықтан туыс емес тілдердің «кебін киіп отырмыз». Сондықтан осы мәселені шешу үшін түркі тілдеріне ортақ фонологиялық тіпті кей тұстарда фонетикалық транскрипция жасауды қолға алудың үлкен қажеттілігі бар. Сонда біз ортақ айтылым бойынша бір-біріміздің жазба дүниелерімізді шамалап болса да түсіне алатын боламыз.

Сүлейман Демирел университеті, Алматы қ. Материал 27.09.12ж. редакцияға түсті.

К.Б. КУДЕРИНОВА

ЗНАЧЕНИЕ УНИФИКАЦИИ АЛФАВИТОВ, ОРФОГРАФИИ И ОРФОЭПИЧЕСКИХ НОРМ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ

K.B. KUDERINOVA
IMPORTANCE OF UNIFICATION OF TURKIC ALPHABETS, ORPHOGRAPHY AND ORTHOEPIC NORMS

Резюме

В статье основывается идея об унификации алфавитов, орфографии и орфоэпических норм тюркских языков.

Resume

This article deals with the importance of unification of Turkic alphabets, orthography and orthoepic norms.

ӘОЖ 882.151.212.2-1

С. НЕГИМОВ

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖЫРЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің поэзиялық шығармаларына телегей сыр, терең сезім, кеңістіктей көңіл тән. Осылардың баршасы халықтық – поэзиялық рухпен, асқан адамгершілікпен, мәдениетпен, өмірге, тұрмысқа, дүниеге, болмысқа деген шынайы философиялық көзқарастармен ұштасып жатады.

Сөз өнерінің табиғатын халықтың рухани мұрасының білікті жинаушысы, білімді зерттеушісі Мәшһүр Жүсіп былайша түсіндіреді:

- Сөз өзі не нәрсе?

- Сөз – адам өнері. «Өнер алды – қызыл тіл» - деген. Адамның ғазизлігі. сөзбен болады.

Бұл тұста адам баласының өзге жаратылыстан өзгешелігі, айрықша саналылығы, сөз сөйлей білетіндігі.

«Көңіл – бір жатқан кеннің дариясы. Сонан шыққан сөз - жауһар» - дейді. Шынында да ойлы көңілден туған, мейірім шуағына бөленген сөз інжу-маржандай ажарлы, көркем, мағыналы хәм әсерлі. «Тіл бір болаттан жасалған өткір қанжар». Оның майдалап, уақтап жасап шығарып жатқанының бәрі інжу. Көп адамның бір жерге бас қосқаны – бау-бақша жасалған сияқты. Соның ішінде сөз жеміс сықылды. Бұл дүние бір қараңғылықтай нәрсе. Оны жанды қылатұғын ақиқат сөз. Сөз өліп қалған көңілді тірілтеді. Сөздің ізетінен адамның жаны рақат алар...» - дейді. Айтулы сөз өнерпазы Мәшһүр Жүсіп сөздің қасиет-құдіретін жеріне жеткізе паш еткен.

Иә, ақын сөздің қынаптан шыққан қанжардай суырылып жарқылдайтынын жан-жақты толғаған.

Сөз шолпаны – ақынның көркемдік танымына да, тәжірибесіне де, зергерлігіне де әрі көңіл-күй әлеміне де қатысты.

Олай болса, «Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі» деген толғауында «Көңілдің дариясында сөз – бір гауһар» дейтін тамаша лебіз бар. Сөз жоқ, ойдың да, сөздің да өрнектілігі, өміршеңдігі құйқылжыта жеткізілуі дариядай шалқыған көңілге байланысты. Яғни сөз дегенің «көңілдің бау- бақшасында үлпілдеп тұрады» (Мәшһүр Жүсіп). Және де индукция мен дедукция, аналогия мен силлогизмге, сондай-ақ ақыл-ой қызметінің тіректеріне (қабылдау, ойлау, қиялдау, елестетеу, т.с.с.) жүгінеді.

Сәулесімен сәнді келіскен нұр сипатты сөздер ақынның образына тікелей қатысты. Өзі күндей жарқыраған ақынның сөзі гүлдей қызықтырады.

Қаламның жарып ішін, ұшын кесіп,

Кигізген қара сөзге киім пішіп.

Заты – аргын, нәсілі – қазақ, ұраны – алаш,

Көпеев – фамилиясы, Мәшһүр Жүсіп, -

дегенінде ақындық даналығын шебер жеткізген.

Сайып келгенде, үздік дарын Мәшһүр Жүсіп Көпеев «қара сөзге киім пішіп» кигізеді, «желдей еседі», «атша желеді», «ұйтқып соққан қардай борайды» және т.с.с.

Мәшһүр Жүсіптің «Салтанатты Сарыарқа» өлеңі тұтастай сөз сұлулығына негізделген. Оқып көрелік. Сырына ортақтасалық:

Салтанатты Сарыарқа,

Сәулеленген Сарыарқа,

Кең қойының кен Сарыарқа,

Сан жеткісіз Сарыарқа.

Суың шекер бал Арқа,

Майда шөбің бал Арқа.

Күрделі биік бел Арқа,

Малы- басың сай Арқа.

Төрт түлікке бай Арқа,

Маңырап тұрған мал Арқа,

Төңірегін төл Арқа.

Бұл шабытты ойдан, шыншыл қиялдан, уыздай уылжыған мөлдір көңілден буырқанып туған бір мінсіз түйдек деуге болады. Киелі топырағын ғашық көзбен құмарлана көріп, тебіреністі сипаттайды. Суретті сөз- ұғымдар («салтанатты», «сәулеленген»), метафоралық сөйлемдер («Сәулеленген шекер бал», «шөбің бал»), дыбыстық үйлесімділіктер бір-бірімен әсем үндесіп, түйдекті мейлінше сұлуландырып, қанаттандырып жіберген.

Тегеуірінді ақынның көркемдік ойлау жүйесі де аса күрделі, не бір шебер қиыстыруларға бай болады. Оның қиялында, миында, зердесінде таңғажайып суреттер, тамаша көріністер көлбеңдейді. Айталық: «Жүзіне ақ қағаздың тартып қалам, // Сөйлеген мұң мен зарын бұл күнгі адам. // Болса да дария сия, аспан қағаз, // Мұң мен зар түгелденіп болмас тамам».

Мәшһүр Жүсіптің өлең, дастандарында мағынасы мөлдір метафоралық сөз тізбектері қыруар. Мысалы: «Шешендер – мәуелі ағаш», «сөз – бір жеміс», «ақыл - дария», «ауыз - садап», «сөз - гауһар».

Көркемдік қиялдың жемісіндей көркем теңемелер де Мәшһүр Жүсіп шығармаланында мол кездеседі.

Айталық: «Дарияның толқынындай дүние жүзі», «Дойбының тақтайындай қылды көкті», «Назым сөз бақшада өскен бау ағаштай», я болмаса «Бақшада үлпілдеген қызыл гүлдей», «Жылпылдап кейбіреулер қолда тұрмас», // «Жылмағай қабыршағы жоқ балықтай», «Қырық кездей бар сан алтыннан» және т.с.с.

Әйтпесе Мәшһүр Жүсіп «Гүлшат - Шеризат» қиссасында Гүлшат арудың болмыс-бітімін бейнелеуде мынадай поэзиялық сипаттаулар қолданады: «Тал бойында бір мін жоқ», // Шыны айнаның көзіндей», «Тал жібектей оралып, // Айдай балқып нұрланып», «Кер маралдай керіліп // Оймақтай аузы бүріліп», «Ұжымақтың қор қызындай, // Жылқының шаңқан бозындай», «Сұлулығы санамадай, // Хатшылар қиған қаламадай».

Әрине, бұл жерде Мәшекеннің сөз саптасы, ой толғауы халықтың фольклорлық дәстүрі негізінде шыққан.

Мәшһүр Жүсіп поэзиясында ақыл-ой елегінен өткізілген өмір тәжірибесінің даналық тұжырым-қорытындысы, жоғары адамгершілік мәдениетінің ереже-қағидасы іспетті ғибратты кеңестер мол. Мысалы, «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» деген толғауында мынадай толғамдар бар:

1. Түзу бас, тура жолдан теріс те баспа,

Өнерсіз надандармен араласпа.

Бір істен пайда көрмей, залал тартсаң,

Бой бағып екіншілей аяқ баспа.

2. Дұшпан біліп қоймасын сырды десең,

Жанкүйер досыңа да сырынды айтпа!

3. Адалдың айырмасың адалдығын,

Көрмесең бір жаманның арамдығын.

Мақтаулы жұрт ауызында болам десең,

Біреудің ауызға алма жамандығын.

4. Дос, жолдас қылам десең қауым, көпті,

Бойыңа үйір қылма өкпе, кекті.

Жамандыққа жақсылық мінез қылып,

Бола бер бәріне де ыңғайлы, епті.

5. Бір сөзді шығарады бір сөз түртіп,

Ағыздым алтын қылып мен мысты ертіп.

Өз пердем жыртылмасын деп ойласаң,

Әрқайда сөз сөйлеме перде жырттып.

Өмір мектебінен өткен ақынның осындай ұлағатты ойлары өсер ұрпақ үшін өнеге. Бұлар ақыл мен сұлулықтың тұтас түзілген құймасындай.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев орыс әскерінің полковнигі, ірі, оқыған азамат Мұса Шорманов (1819-1885) дүниеден өткенде жоқтау шығарған. Сонда ұлы жиындарда он үшінші би атанған Шорманның асыл тұяғы Мұсаның кескін-келбетін, келісті өнерпаздығын кемел мүсіндепті-ау!

Бас қосылған жиында
Бұлбұлдай болып сайраған.
Бұлақтай ағып қайнаған,
Сөйлеген шақта сөздері,
Шамшырақтай жайнаған.

Болмаса толқынды топтың ортасында диірменнің тасындай ойнаған сабаздың тегеурінді сілтесін былайша баяндайды:

Жақсылар бас қосқанда,
Алды-артына тосса да,
Шылбырынан шалдырмай
Құбылып гүл-гүл жайнаған.

Немесе

...Бал –шекер тамып сөзіңен,
Нұр балқып раушан жүзінен,
Жұртыңның мейірін қандырдың,
Жұрт астым деген жақсыны
Жарыса сөйлеп келгенде,
Ақылынан тандырдың.

Яки сегіз қырлы, бір сырлы асыл ардагер, қанатты шешен болмысы мынадай:

Есіл бір сондай бекзаттың жұрт аузына қараған.
Көркі менен сымбаты, ақыл мен ілім, дәулеті,
Баршасы бірдей табылып, әр пендеге жаралған.

Ұлттық әдебиет тарихындағы жарқын тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз шығармаларында ақындық өнерін, қуатын: «Болаттан ағып түскен құрыштаймын, // Бәйгеден күнде келген қара көкпін, // Қысқа күнде қырықты ілген қыран едім», - деп сипаттапты. Десе дегендей-ақ. Кең тынысты, кемел ойлы, ағысты – толқынды поэзиясы тарихилық, этнографиялық, тілдік-стильдік тұрғыдан ғана емес, көркемдік-суреттілік жағынан да бағалы.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
Материал 17.11.12 ж. редакцияға түсті.

С. НЕГИМОВ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ ХАРАКТЕР ПОЭЗИИ МАШХУР ЖУСУПА
S. NEGIMOV
NATIONAL CHARACTER OF MASHKHUR ZHUSIP,S POETICS

Резюме

В статье рассматривается национальный характер поэзии Машихур Жусупа.

Resume

The national character of Mashkhur Zhuship's poetics have been described in the work.

ӘОЖ 882.151.212.2

Б. ОМАРҰЛЫ

ҰЛТ ҚАСИРЕТІ ЖӘНЕ ЗАМАНА АДАМЫ БЕЙНЕСІ

Әдебиеттанудың негізін қалаған ғұлама ғалымдар бағыт-бағдарын көрсеткен, зерттеу ауқымын аңғартқан түйінді мәселелер жеткілікті. Соның бірі – қазақ поэзиясындағы зар заман құбылысы екені дау тудырмайды. Бұрын біржақты бағаланып, әдебиет тарихын баяндайтын оқулықтарда зарланып-жылаудың, торығып-түңілудің мысалы ретінде қарастырылған бұл шығармалардың өзара үндестігі, идеялық мазмұндастығы өз алдына, кей тұста ақындардың ой орамдары, өлең өрімдері де сабақтасып жатады.

Ұлттық ұстаныммен өзектес бұл өлең-жырларда сол дәуірдегі адам мінезі қапысыз бейнеленді. Отаршылық кезеңде жік-жікке бөлінген қазақ қоғамының психологиясы да нақты көрініс тапты. Өмір шындығынан нәр алған образдар жүйесі арқылы заманаға бейімделген ұлт болмысы айқын кейіптелді.

Ақырзамандық болжамдарға көп жүгіне бермейтін Мұрат Мөңкеұлы заманның азып-тозуының себеп-салдарын түсіндіргенде адамның іс-әрекетін алға тартады. Оның өз дәуіріне наразылығы пейілі бұзылған адамға қарап жиренуден туындайды. Шортанбай Қанайұлы арқылы заманның зары құлаққа жетіп, бүлінген замана келбеті алдымен көзге шалынса, Мұрат Мөңкеұлы өлеңдерінде тіршіліктегі адамның ролі туралы топшылаулар басымырақ. Ақынның тұжырымы бойынша, адамның азуы заманға емес, керісінше, заманның азуы адамға байланысты. Тіпті Мұрат өлеңдерінде дәстүрлі «заман азды» тіркесінің кездеспейтіні де бірқатар ойға жетелейді. Оның орнына «сұм заман» мен «адыра қалғыр заман» тіркестері қолданылады. Адамның азған белгісін сипаттаған ақын «заман азды» ұғымына басқаша көзқарас танытады:

*Бәйт еттім бұ сөзді
Қайғы шегіп заманнан
Заман азып не қылсын
Ай орнынан туады,*

*Күн орнынан шығады,
Мұнын бәрі адамнан.*

Мұраттың «Үш қиян» толғауындағы заман адамы туралы ой-тұжырымдары алдыңғы ақындардың дәстүрінен алшақ кетпейді. Ақын өткен өмірдегі тарихи тұлғаларды идеал тұтып, көшкен орнына, басқан ізіне дейін сағыныш оятса, бұл – өз дәуірінде текті ұрпақтың тоз-тозы шыққанына күйінгендіктің, өз заманына көңілі толмағандығының белгісі. Мұрат кейіптеген қайғылы кезеңнің баянсыз перзентінің қоғамдағы орны «Асылзада баласы Дәулет кетіп қолынан, Қоңсысына құл болды», – деп бағаланды.

«Заманға сай адам» тұжырымын зар заман поэзиясына Дулат Бабатайұлы енгізгені белгілі. Оның өлеңінде дәуірдің сипатына қарап, тиянақ таба алмай дағдарған адам мен сол кезеңге бейімделіп, уақыттың ыңғайына көндіккен адам қатар көрініс байқатады:

*Қилы, қилы заманды,
Заманға сай адамды
Салыстыра қарасам.
Су мүйіз болған танадай,
Шыр көбелек айналам.*

Қоғам адамының әрекетінен қанағат таппай, әрі-сері күйге түскен ақынның ой-толғамы халықтың мүддесімен үйлеседі. «Су мүйіз болған танадай» қауқарсыз, «шыр көбелек айналған» бағдарсыз ел адамы Мұрат ақынның дәуірінде өз ортасына әбден икемделді. Оның толғауындағы «шыр көбелек айналу» – тиянақ іздегендіктің емес, тіршілікке бой үйреткендіктің белгісі:

*Шырқ көбелек айналып,
Замананың адамы
Заманың мұндай сұм болды.*

Кердері Әбубәкір шығармашылығында адамның заманға бейімделгендігі тіпті айқын көрінеді. Ол қулық-сұмдықты жете меңгерген, уақыттың аңысын аңдап күн кешетіндерді сипаттайды: «Заманның адамы, Артын ойлап асылы, Көңілі жоқ өлерге». Сондай-ақ ақын өлеңінен дәуірдің ығына жығылып қана қоймай, іс-әрекет белсенділігін танытқан кісінің тұлғасын байқаймыз. «Білген адам ұстап жүр, Заманның қару-жарағын», – дәуірдің тосын құбылыстарын жатырқаудың мезгілі өтіп, қоғамға бой үйрете бастаудың көрінісі.

Дулат өлеңдерінен ұлық пен атқамінердің іс-әрекетін «қасқыр-қылық», «ит-мінез» арқылы бейнелеудің мысалдары көптеп табылады. Бұл жерде «қасқырдың» да, «иттің» де жыртқыштық функциясы ұқсас: елді талау, халықты жұлып жеу... Осы ойды әрлеп-әдіптейтін «Қорқау қасқыр құлықты» немесе «Итше қауып манайын», – деген тіркестер қасқырлықты емес, иттікті көрсетуге бейім тұр. Иттен айырмасы жоқ қасқырдың көкжалдығы емес, қорқаулығы тілге тиек болған. Ал Албан Асан Барманбекұлы өз тұсындағы ел билеушілерді аты – қасқыр, заты – ит жыртқышқа теңейді:

*Шетінен басып, жей түскен,
Қасқырдай боп бағып тұр.*

*Шетіңнен қасқыр жеп жатыр,
Келмейді бұған намысың.*

Асанның замана адамы туралы тұжырымы да «итше талаудың» төңірегінен алыстамайды:

*Заманың қуға қарады,
Ит пен құзғын талады.*

Сөз зергері Дулаттың өлеңдерінде замана адамының мінез-құлқы мен іс-әрекетін, түр-әлпетін бейнелейтін тың теңеулер мен сәтті детальдар өте көп. Халықты «қасқырша талаған», «итше қапқан» ел пысығының бойынан ақын «күшігендік» қасиетті де көреді. Елді сорған ауылдың атқамінерін «жемтікке қонған күшігенге» баласа, енді бір тұста сол «күшігендікті» әжуа-мысқылға толы бейнелі тіркестермен әрлей түседі:

*Кебеже қарын, кең өңеш,
Өлексе көрсе үңгіген
Күшігеннен кем емес.*

«Кебеже қарын» мен «кең өңештің» әрқайсысы жеке аталса да, кейіпкердің кескін-кейпі, ниет-пиғылы туралы түсінікті санаға бірден сіңіретін образ үлгілері екендігіне дау жоқ. Ал осы екеуі тұтасып, күрделі тіркеске айналғанда, қомағайлық пен жемқорлық жайлаған қоғам адамының тұлғасын толық танимыз. «Өлексе көрсе үңгігендігі» осынау екі-ақ сөзбен салынған, сонымен-ақ бүкіл түр-келбеті, болмыс-бітімі бедерленіп тұрған кісінің суретін қимыл-қозғалысқа келтіреді. Оның өзінде аң-құстың әдеттегі дағдысынша өлексені тартқыламайды, не жұлып жемейді, күшігенше үңгиді... Дулаттың әжуа-образдар галереясында «Кебеже қарын, кең өңешпен» қатар тұратын, сол үлгімен жасалған бейне – «Борсық тұмсық, қанды ауыз». Бұл – ұлық. Алдыңғысы – топастық пен қарынбайлықтың, соңғысы – жылпостық пен пәлекорлықтың жиынтық тұлғасы. Әсіресе, кейінгісі қауіптірек. Осыған орай образдың бояуы да басымдау. Ақын «Кебеже қарынға» мысқылмен қараса, мынаның іс-әрекетінен тіксінеді:

*Борсық тұмсық, қанды ауыз,
Ұлық қылған құдай-ай,
Қазақтан шыққан кәпірді.*

Кердері Әбубәкір Дулат-суреткердің тәсілімен тағы бір сұмпайының образ-портретінің нобайын өмірге әкелді: «Қарсақ табан, мысық бас, Не азғындар жетілді». Бұл – кеше санда бар, санатта жоқ, бүгін әркімнің жетегіне ілесіп, билікке араласқан, ақылы аз, өресі тар можан-топайдың сыртқы түрі. Енді осы образдарға сүйеніп, зар заман адамының толық пошым-портретін жасап көрелік. **Мысық бас, борсық тұмсық, қанды ауыз, кең өңеш, кебеже қарын, қарсақ табан...** Мұны Мұраттың «Ел биледі бір сымпыс, Екі бұты

тараған», – деген тіркесі толықтырады. Міне, халықты талкекке салып, кеселге ұшыратқан құбыжықтың зар заман поэзиясындағы суреті осындай. Жиынтық бейнені сөз өнерінің хас шебері Мұраттың: «Қатпа болған түйедей, Киенкі болған биедей», – деген теңеуімен бояй түссек, замана адамының портреті көз алдымызда тіріліп сала береді. Содан соң бұған «Етегі бар да белі жоқ, Бармақ сияр жері жоқ», «қынама бешпент» пен «тар шалбар» кигізіп көрсек, зар заман ақындары кейіптеген адам нағыз сәніне келеді. Дулат ақынның:

Бейнең қандай болды екен,

Қарасаңшы бір мезгіл,

Қолдарыңа айна алып, -

деген ескертпесі дәл осы толық «болмыс-бітімді» әйгілейді.

Жыр жүйріктерінің әр кезде, әр аймақта ғұмыр кешкеніне қарамастан олардың өлендеріндегі түрлі образдар жинақталып, тұтастық құрайды. Заманның келбеті де, адам бейнесі де бәріне ортақ сарындарды салыстыра саралаған кезде айқынырақ танылады.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
Материал 17.11.12 ж. редакцияға түсті.

Б. ОМАРУЛЫ
НАЦИОНАЛЬНАЯ СКОРЬБЬ И ОБРАЗ ЧЕЛОВЕКА ЭПОХИ
B. OMARULY
NATIONAL MOURNING AND THE HUMAN IMAGE OF THE EPOCH

Резюме

В статье рассматривается национальная скорбь и образ человека эпохи.

Resume

National mourning and the human image of the epoch were reviewed in this article.

УДК 81'255: 81'246.2

К.Х. РАХИМЖАНОВ О КУЛЬТУРНОМ ДВУАЗЫЧИИ И ОПОСРЕДУЮЩЕЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БИЛИНГВА-ПЕРЕВОДЧИКА

В условиях отсутствия прямых контактов между языками, актуализирующимися в процессе социально-речевой деятельности билингвов – представителей разных лингвокультурных сообществ, может реализоваться такой

тип двуязычия, как культурный билингвизм. Это тип неконтактного двуязычия, развивающегося в случаях сознательного выбора второго языка, обусловленного авторитетом этого языка и необходимостью знакомиться с важными текстами, написанными на данном языке. По мнению Т.П. Ильяшенко, «неконтактный билингвизм охватывает отдельные слои общества, и значение его обусловлено ролью данных слов в развитии культуры и языка всего народа» [1, 24]. Культурный билингвизм не признается многими лингвистами, которые билингвизмом считают только такое двуязычие, которое возникает вследствие непосредственных контактов двух языков: «Мы отвлекаемся от такого билингвизма, - пишет Л.Б. Никольский, - который возник вследствие изучения языка или языков со специальной целью. Билингв для нас не просто человек, владеющий двумя и более языками, а представитель определенной группы людей, дополнительно усвоивших язык или несколько языков для практической коммуникации в обществе, членами которого они являются» [2, 189-190]. Такой подход возможен при изучении непосредственных контактов языка, некультурного взаимодействия. Но он не дает возможности корректно изучать процессы, происходящие при неконтактном взаимодействии, осуществляемом книжным путем. Культурное двуязычие имеет индивидуальный характер вследствие сознательного овладения отдельными культурными слоями общества вторым языком. Вместе с тем, овладение иностранным языком предопределяется также насущными потребностями общества. Во многих случаях именно индивидуальное двуязычие отдельных лиц направлено на то, чтобы одноязычные члены общества могли знакомиться с достижениями культуры других народов. При письменных контактах взаимодействие идет по письменным каналам. В этом случае взаимодействие контактирующих языков осуществляется в рамках подсоциалемы билингвов, владеющих двумя письменными языками. Контакт здесь осуществляется через письменно-книжный текст. Объем и содержание текстов при этом играют даже большую роль, чем объем социалемы. Определенная общность письменно-книжных текстов, существующих в двух языковых формах в виде переводов или пересказов, и создает условия для сближения языков.

Сближение языков в условиях письменных контактов относится к перстратным явлениям, когда контакты языков осуществляются в процессе неконтактного билингвизма, а именно – через письменные тексты. Такого рода взаимодействие легко преодолевает не только пространственные, но и временные барьеры, и нет необходимости в непосредственном контакте [3, 183].

Перевод – это не простая смена языкового кода, это и адаптация текста для его восприятия сквозь призму другой культуры, поэтому переводческая деятельность при неконтактном билингвизме играет существенную роль. Переводчик-билингв – опосредующее лицо, «производящее речевые высказывания по определенному социальному заказу. Продукт переводческой деятельности создается не под влиянием личных потребностей переводчика,

а в соответствии с требованиями к этому продукту, которые относительно однообразны, устойчивы и носят социальный характер» [4, 119].

Переводчик удовлетворяет общественную потребность в новых языковых средствах, новом языковом материале при помощи языкового посредничества в процессе перевода текстов, в результате опосредующей языково-текстовой деятельности; он осуществляет вторичную речевую деятельность на основе первичной. Специфика переводческой деятельности состоит в передаче оригинала (опредмеченного в результате первичной деятельности) на язык перевода в процессе его последующего распредмечивания и понимания самим переводчиком, и затем последующего опредмечивания при помощи другого языкового кода и превращения в текст перевода. Читатель, владеющий языком перевода, овладевает переводным текстом в результате вторичного его распредмечивания в своей живой речевой деятельности, в процессе репродуктивной деятельности. Перевод – репродуктивная деятельность, базу ее составляет распредмечивание. Базу первичной деятельности составляет опредмечивание. Продукт труда может быть присвоен, потреблен, когда он выступает как опредмеченный труд, как предметная форма деятельностных способностей человека (так писал К. Маркс). Прошлый труд, угасший в продукте и превратившийся в покоящееся свойство, возрождается к новой жизни и вновь переходит в форму деятельности человека. Это процесс распредмечивания.

Если исходной категорией первичной продуктивной деятельности является познание, сопровождающим феноменом которого является познание, то исходной категорией переводческой деятельности является не просто восприятие, а понимание и интерпретация, сопровождаемые знанием.

Переводческий процесс, ориентированный на создание продукта переводческой деятельности, является сложным. По мнению М.П. Брандес, он состоит из двух подсистем. Первая подсистема «текст-интерпретатор» представляет собой смоделированный процесс выявления смысловой организации текста. Вторая подсистема «текстовая норма-деятель» тесно связана со спецификой национального языка и реализует уже не абстрактное, функциональное содержание, а образно-предметное [5, 16].

Переводчику-билингву для осуществления переводческой деятельности необходимо знать не только второй язык, но и культуру другого народа, владеть переводческой компетенцией, поэтому в структуре личности переводчика можно выделить несколько уровней: 1) вербально-семантический; 2) лингвокогнитивный; 3) мотивационный; 4) профессиональный; 5) прагматический; 6) социокультурный. Вербально-семантический параметр включает в себя владение двумя языками и языковой компетенцией в двух языках, т.е. знанием фонетики, лексики, грамматики двух языков; лексикон двух языков – весь запас слов и словосочетаний, которыми переводчик пользуется в процессе перевода с одного языка на другой; умение употреблять языковые

средства в соответствии с социальной дифференциацией языка по ситуациям, подсистемам языка; знание значений слов первого и второго языка.

Лингвокогнитивный параметр связан со знанием языковой картины мира двух лингвокультурных сообществ – носителей исходного языка и языка перевода, знанием системы культурологических ценностей, ценностных принципов и ориентаций, компонентов культуры, владением социокультурным опытом, формированием вторичного языкового сознания.

Мотивационный параметр, определяющий мотивационную основу переводческой деятельности билингва, способствует удовлетворению общественных потребностей в новых средствах языкового выражения: заимствованных словах, кальках; потребностей в ознакомлении с художественными произведениями, научно-техническими достижениями другого народа.

Коммуникативная потребность переводчика в процессе переводческой деятельности реализуется в ходе осмысления и уяснения для себя содержания исходного текста в процессе его распредмечивания и проявления языковой способности в ходе интерпретации исходного текста и передаче его на язык перевода. Языковая способность переводчика проявляется в профессиональном знании двух языков – овладении полным двуязычием. Полное двуязычие как высокий уровень профессионализма присущ определенным группам людей – писателям, переводчикам, поэтому С. Талжанов обращал внимание на необходимость овладения переводчиком полным, координативным двуязычием [6]. Б.Х. Исмагулова также придерживается мнения о том, что переводчику необходимо овладеть координативным чистым билингвизмом [7].

Профессиональный параметр структуры переводчика включает установку на переводческую компетентность – овладение знаниями различного рода, необходимыми в процессе переводческой деятельности. Профессиональная компетентность переводчика включает в себя не только владение полным двуязычием, но и учет самого характера владения языками. Соотнесенность языков на уровне узуса и нормы образует языковую базу переводческой компетенции. По мысли В. Вильса, в переводческую компетенцию входит компетенция переноса, лежащая в основе процесса перевода. В компетенцию переноса входят компетенции как языковая, так и внеязыковая, как рецептивная, так и репродуктивная [8, 284].

Высказывания Д. Хаймса о коммуникативной компетенции более близки к понятию переводческой компетенции, чем понятие компетенции переноса В. Вильса. Коммуникативная компетенция, по Д. Хаймсу, отражает нормы поведения в реальных актах взаимодействия. Это понятие включает в себя четыре параметра: грамматическую правильность, реализуемость, приемлемость и встречаемость [9, 277-278]. Некоторые компоненты коммуникативной

компетенции приложимы к переводческой компетенции. Так, приемлемость применительно к переводу (соответствие высказывания контексту или ситуации) означает необходимость учета как отражаемой в тексте внеязыковой ситуации, так и контекста, в котором допускается использование той или иной формы в исходном языке и в языке перевода. В понятие приемлемости входит учет двух коммуникативных ситуаций – ситуации порождения исходного текста и ситуации перевода с аналогичными параметрами.

Понятие встречаемости также приобретает особый смысл применительно к переводу, так как единицы-аналоги могут встречаться в обоих языках, но существенно отличаться друг от друга своей частотностью (встречаемостью). Более правильным представляется нам определение переводческой компетенции в работах А.Д. Швейцера, который включает в ее состав все квалификационные характеристики, позволяющие переводчику осуществлять акт межъязыковой и межкультурной коммуникации: особое «переводческое» владение двумя языками, при котором языки проецируются друг на друга; способность к «переводческой интерпретации исходного текста (т.е. к видению его глазами носителя другого языка и другой культуры); владение технологией перевода (т.е. совокупностью процедур, обеспечивающих адекватное воспроизведение оригинала, включая модификации, необходимые для успешного преодоления «культурного барьера»); знание норм языка перевода; знание переводческих норм, определяющих выбор стратегии перевода; знание норм данного стиля и жанра текста; определенный минимум «фоновых знаний», необходимых для адекватной интерпретации исходного текста и, в частности, то, что называется «знанием предмета», необходимым для успешного перевода в рамках специализации переводчика» [11, 28].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Ильяшенко Т.Т. Социальные диалекты и профессиональные стили: отдельный оттиск доклада на социологическом конгрессе в 1970 г. в Варне. – М., 1970.
- 2 Никольский Л.Б. Синхронная социоллингвистика. – М.: Наука, 1976. – 168 с.
- 3 Журавлев В.К. Внешние и внутренние факторы языковой эволюции. – М.: Наука, 1982. – 327 с.
- 4 Гумбольдт В. Опыт анализа мексиканского языка. //Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М., 1985.
- 5 Брандес М.П. Стиль и перевод. – М.: Высшая школа, 1988. – 127 с.
- 6 Талжанов С. Көркем аударма туралы. - Алматы: ҚазМемКөрӘде Баспасы, 1962. – 168 б.
- 7 Исмагулова Б.Х. Драма: Проблемы художественно-литературного двуязычия. Монография. - Алматы: ТОО «Алматыкітап», 2005. – 155 с.

8 Wills W. Semiotik und Übersetzungs-Wissenschaft //Semiotik und Übersetzen. – Tübingen, 1980. – S. 284.

9 Hymes D. On communicative competence //Sociolinguistics. – Harmondsworth, 1972. – P. 277-278.

10 Швейцер А.Д. Теория перевода: статус, проблемы, аспекты. – М., 1988. – 214 с.

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар. Материал поступил в редакцию 30.10.2012.

Қ.Х. РАҚЫМЖАНОВ
 МӘДЕНИ ЕКІТІЛДІЛІК ЖӘНЕ АУДАРМАШЫ-БИЛИНГТІҢ АРАЛЫҚ
 ІС-ӘРЕКЕТІ
 К.Н. RAKHIMZHANOV
 ABOUT CULTURAL BILINGUALISM AND MEDIATING ACTIVITY
 OF A BILINGUAL TRANSLATOR

Түйіндеме

Мақалада мәдени екітілділік мәселесі қарастырылады. Мәдени екітілділік тілдер арасында тура қатынас болмаған жағдайда іске асырылады.

Resume

In the article the question of the cultural bilingualism is considered. The cultural bilingualism can be realized in the conditions of absence of direct contacts between languages.

УДК 81'255: 81'246.2

***К.Х. РАХИМЖАНОВ, **К.М. АБИШЕВА О ЗНАЧЕНИИ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА В ФОРМИРОВАНИИ КОМПЕТЕНЦИЙ ПЕРЕВОДЧИКОВ И ТУРИСТОВ**

Как известно, Болонский процесс в качестве приоритетных задач высшего образования определил в качестве ведущей тенденцию к подготовке конкурентоспособных компетентных специалистов [1]. До последнего времени понятия «компетенция» и «знания» рассматривались вне связи со способностями обучаемых. Н. Хомским linguistic competence (ментальные репрезентации языковых правил, выступающие в роли внутренней

грамматики идеального говорящего/ слушающего) и linguistic performance (понимание и продуцирование речи) рассматриваются как соотношение знания языка и его употребления в реальных ситуациях: «Мы проводим фундаментальное различие между компетенцией (знанием своего языка говорящим/ слушающим) и употреблением (реальным использованием) языка в конкретных ситуациях» [2, 9-10].

Компетенция изучалась в узком плане только как знание чего-либо в какой-либо области знания: лингвокультурологическая компетенция, знание идеальным говорящим/ слушающим всей системы культурных ценностей, выраженных в языке [2]; коммуникативная компетенция - знание норм поведения в реальных актах взаимодействия. Это понятие включает в себя четыре параметра: грамматическую правильность, «реализуемость, приемлемость и встречаемость» [3, 277-278]. В работах ряда ученых компетенция связывается с употреблением, ср.: компетенция – особый вид организации предметно-специфических знаний, необходимых для знания языка и владения им [4]; «знания и умения корректного и адекватного использования языковых средств в зависимости от особенностей констатиции, характера отношений между говорящим и слушающим, цели общения многого другого» [5, 273].

Как видим, исследование компетенции и ее отдельных видов велось несистемно. Поэтому в рамках Болонского процесса широко обсуждались проблемы компетенции как базовой способности обучаемых, ставился вопрос об определении компетенции, ключевых для каждой специальности. Так, Р.С. Йегер рассматривает компетенцию как «базовую способность (не унаследованную ни генетически, ни биологически), приобретенную индивидом, сформированную внутренне в процессе самостоятельно мотивированного взаимодействия с миром [по 6, 214].

Развитие базовых способностей индивида формирует ключевую компетенцию обучаемых, рассматриваемую как совокупность компетенций, необходимых для соответствия профессиональным «требованиям в различных социальных областях и сферах жизни». При этом в состав ключевых компетенций входят профессиональные, социальные, методические, личностные компетенции [6, 214]. Профессиональные компетенции – это физические и духовные резервы, то есть потенциал, в котором личность нуждается как в предпосылке для ответственного и целенаправленного решения встающих задач или проблем, так и для оценки найденных решений и дальнейшего развития собственного подхода к типовым действиям» [6, 214].

Термины «ключевая компетенция», «профессиональная компетенция» не только детально характеризуются в материалах Болонского процесса и в работах В.И. Байденко [6], также в них расширяется представление о методах измерения компетенции обучаемых, акцентируется внимание на Дублинских

дескрипторах как основном методе измерения уровня компетенций на уровне бакалавриата, магистратуры и докторантуры. Дескрипторы первого цикла предлагают способности: демонстрировать знания и понимание в изучаемой области; применять знания на профессиональном уровне; решать проблемы в изучаемой области; осуществлять сбор и интерпретацию информации для формирования суждений с учетом социальных, этических и научных соображений; сообщать информацию, идеи, проблемы и решения, как специалистам, так и неспециалистам [7].

Современный подход к проблеме развития и совершенствования ключевой и профессиональной компетентности состоит в том, что обучение рассматривается как саморазвитие и самосовершенствование личности на основе развития ее способностей. При этом основным средством повышения компетентности выступает феномен обучающего и преобразующего взаимодействия, сформированный в условиях учебной группы, воздействующий на поведение и личность участвующих в ней студентов. При этом развитие ключевой и профессиональной компетенции обучаемых не сводится только к набору знаний и наращиванию отдельных технологических приемов. Процесс совершенствования ключевой и коммуникативной компетентности связан с общим развитием личности, его базовых способностей.

Профессиональный параметр структуры переводчика и туриста включает установку на переводческую компетентность – овладение знаниями различного рода, необходимыми в процессе переводческой деятельности. Профессиональная компетентность ... включает в себя не только владение полным двуязычием, но и учет самого характера владения языками [8]. В связи с этим для развития базовых способностей переводчика и туриста необходимо рассмотреть понятия «ключевая компетенция переводчика» и «ключевая компетенция туриста». Эти понятия характеризуются шире, чем «профессиональная компетенция». Ключевой компетенцией для переводчиков и туристов является «межкультурная компетенция».

В настоящее время имеется несколько направлений, разрабатывающих данное понятие соответственно принципам той или иной области знания. В лингводидактике, акцентирующей внимание на обучении иностранным языкам, предлагается термин «иноязычная компетенция». Представители данного направления считают, что языковая личность должна обладать сформированной способностью, реализовывать иноязычные лексико-грамматические конструкции, соответствующие нормам коммуникативной деятельности индивида иной лингвоэтнокультурной общности и иной национально-языковой картины мира. Здесь речь идет о способности, позволяющей личности реализовать себя в рамках диалога культур, то есть в условиях межкультурной коммуникации в учебных целях. Данную способность называют межкультурной компетенцией [9].

По мысли Е.В. Мальковой, межкультурная компетенция охватывает в основном не онтологический аспект становления личности, а коммуникативный – языковые и речевые способности последней. Е.В. Малькова утверждает, что межкультурная и коммуникативная компетенции дополняют друг друга, так как становление межкультурной компетенции невозможно без развития коммуникативной компетентности [10]. В межкультурной коммуникации под «межкультурной компетенцией» понимается поликультурная компетенция, которая имеет интегративный характер и различные составляющие, отличается подвижностью; вырабатывает умение сравнивать социокультурный опыт народа, говорящего на изучаемом языке, с собственным опытом [11]. «Межкультурная компетенция» характеризуется как «определенная совокупность языковых, коммуникативных, лингвокультурологических, социолингвистических и когнитопсихологических знаний и умений, обеспечивающих «успешность межэтнической коммуникации» [12].

Изучение «межкультурной компетенции» как ключевой компетенции для переводчиков и туристов обусловлено необходимостью выявить и описать набор знаний, умений и навыков, требующихся в ситуации межкультурной коммуникации, реализующейся в «условиях оппозитивного диалога сознаний, конфликтов» культур и языков, вызванных недопониманием значений слов, технологий и специфики культурных сценариев, незнанием постулатов общения вследствие невыработанности навыков толерантного поведения. А между тем именно переводчикам и туроператорам, туристам приходится непосредственно вступать в межэтнические контакты, общаться на межкультурном уровне. Поэтому «ключевая межкультурная компетенция» переводчиков и туристов и направлена на организацию усвоения знаний в области межкультурной коммуникации, приобретение навыков оперирования ими в ситуации «я – другой», решения проблем межкультурного общения в процессе межкультурного диалога.

Межкультурная «компетентность» - это проблема, которая изучается на стыке переводоведения, лингвокультурологии и туризма, поэтому она изучается не только на теоретическом, но и в прикладном аспекте, применительно к межкультурному общению, предоставлению информационных услуг (турпродукты, реклама, промоушн, переводческие услуги).

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Болонский процесс: результаты обучения и компетентностный подход (Кн. приложение 1). Под ред. В.И. Байденко. – Астана. Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов. Независимое Казахское агентство по обеспечению качества в образовании (НКАОКО), 2010. – 536 с.
- 2 Хомский Н. Язык и мышление. – М., 1972.
- 3 Humes D. On kommunikative competence// Sociolinguistics.- Hammond-worth, 1972.

4 Абишева К.М. К проблеме соотношения и употребления в ходе межкультурной коммуникации// Проблемы становления и эволюции гражданского общества и правового государства в Казахстане. – Астана, 2005. – с.142-145.

5 Словарь социолингвистических терминов. Изд.2. /Э.Д. Сулейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Ж.С. Смагулова, Д.Х. Аканова. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 330 с.

6 Болонский процесс: результаты обучения и компетентностный подход (Кн. приложение 1). Под ред. В.И. Байденко. – Астана. Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов. Независимое Казахское агентство по обеспечению качества в образовании (НКАОКО), 2010. – 536 с.

7 Болонский процесс: европейские и национальные структуры квалификации (Кн.приложение 2). Под ред. В.И. Байденко. – Астана. Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов. Независимое Казахское агентство по обеспечению качества в образовании (НКАОКО), 2010. – 220 с.

8 Рахимжанов К.Х. Художественный перевод и билингвальная личность переводчика. Монография. - Павлодар, 2012. – 170 с.

9 Елизарова Г.В. Культура и обучение иностранным языкам. – СПб.: КАРО, 2005.

10 Малькова Е.В. Формирование межкультурной компетенции в процессе работы над текстами для чтения. Автореф. дисс. канд. пед. наук. – Москва, 2000. – 24 с.

11 Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. – Москва, 2004. – 336 с.

12 Абишева К.М. Основы теории межкультурной коммуникации. – Астана: Туран-Астана, 2008. – 224 с.

*Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар; **Университет «Туран-Астана», г. Астана. Материал поступил в редакцию 30.10.2012.

Қ.Х. РАҚЫМЖАНОВ, К.М. ӘБІШЕВА
 АУДАРМАШЫ МЕН ТУРИСТЕРДІҢ КОМПЕТЕНЦИЯЛАРЫН
 ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚҰЗІРЕТТІЛКІПЕН ҚАРАУДЫҢ МАҢЫЗЫ
 К.Н. RAKHIMZHANOV, С.М. ABISHEVA
 ABOUT VALUE OF THE COMPETENT APPROACH IN FORMATION
